Ұлыстың ұлы күні – Наурыз құтты болсын!


# ҚАЗАҚ ҮНІ
QAZAQ ÚNI
20 JYL

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АПТАЛЫҚ

www. qazaquni. kz || qazaquni2000@gmail. com || 2000 jylǵy 11 tamyzdan shyǵa bastady || №12 (882), 21.03.2020 – 30.03.2020 jyl




Бекзәкір ҚҰРАЛБАЕВ:

## АНА ҰЛАҒАТЫ ӨМІРЛІК ҰСТАНЫМЫМА АЙНАЛДЫ

...Тек қана жақсылық ойла, ал жамандық іздемей-ақ өзі келеді» деген ғибратты сөзі менің жадымда мәңгілік сақталып, өмірлік ұстанымыма, болашақтағы бұлжымас берік бағытыма айналды. Асыл анамның ақыл-кеңесі, берген ұлағатты тәлім-тәрбиесі мені өмір бойы адастырмай алға жетелеп келеді. Бұл менің жүрегімді жарып шыққан – имандай шындығым.

8-9 бет

# ҚҰЛДЫҚТАН ҚҰТЫЛМАҒАН АТАУЛАР

## БӘРІ ДЕ ЕЛ МЕН ЕРДІҢ АТЫНА БАЙЛАНЫСТЫ!




3 бет

Ел Тәуелсіз болуы үшін алдымен Ер Тәуелсіз, Елдің де, Ердің де есімдері де, саналары да Жат елдің жалғауы мен заңына Тәуелсіз болуы керек! Ал бізде Елдің аты да БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫНДА әлі KAZAKHSTAN деп, «КАЗАХСТАН» деген РЕСЕЙ ТІЛІНДЕГІ ЖАЗЫЛЫМЫ ТҰР?!. БҰНЫ ҚАШАН «ҚАЗАҚ РЕСПУБЛИКАСЫ» деп ауыстырамыз? Кеңес империясының өзінде 71 жыл «ҚАЗАҚ РЕСПУБЛИКАСЫ» деп аталған Елге биыл 100 жыл толады! Ендеше Ел атын өзімізде де, БҰҰ-да да ауыстыратын кез келді! Бұл туралы «Ақ жол» партиясы төрағасы, Мәжіліс депутаты Азат Перуашев көптен бері мәселе көтеріп келеді. Ұлт зиялылары да толық қолдау білдіруде.




# УАҚЫТША ШЕКТЕУ КЕЗІНДЕ ЗАҢДЫЛЫҚ САҚТАЛУЫ КЕРЕК

Ғизат Нұрдәулетов жекелеген медициналық құрал-жабдықтарды қолдан қымбаттатуға жол бермеу, жалған және арандатушылық ақпараттардың таралуына қарсы күресу мақсатында, сондай-ақ, Төтенше жағдай режимінің бұзылуына қатысты құқық қорғау органдарының қабылдайтын шаралары туралы айтты.

2 бет



## ҰЛТТЫҚ РУХТЫҢ АЙНАСЫНДАЙ

Бұл ұлттық ойынымыз ұмытылып бара жатыр. Сондықтан, қанша жерден өзгерістер болсын, әлем дамысын, ұлттық ойындарымызды дамытып әрі оларды жаңғырту біздің болашақ ұрпақ үшін жасалатын міндеттеріміздің бірі.

15 бет

# КОРОНАВИРУС:

## СЕКРЕТНАЯ СТОРОНА ЭПИДЕМИИ



Мир охватила небывалая и необъяснимая паника из-за коронавируса! 11 марта Всемирная организация здравоохранения (ВОЗ) объявила о пандемии коронавируса в мире. 12 марта в Казахстане ввели специальные превентивные меры, когда не было официально зарегистрированных больных...

10 бет

# УАҚЫТША ШЕКТЕУ КЕЗІНДЕ ЗАҢДЫЛЫҚ САҚТАЛУЫ КЕРЕК

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасы Бас прокуроры Ғизат Нұрдәулетовті қабылдады.**



Қадағалау ведомствосының жетекшісі Мемлекет басшысына Төтенше жағдай кезінде еліміздегі құқықтық тәртіпті сақтау үшін қабылданған шаралар туралы баяндады. Қасым-Жомарт Тоқаевқа Бас прокуратурадағы және жергілікті жерлердегі ісқимылдар мен шешімдерге дер кезінде құқықтық баға беру үшін шұғыл әрекет ету штабтары құрылғаны жайында мәлімет берілді. Ғизат Нұрдәулетов жекелеген медициналық құрал-жабдықтарды қолдан қымбаттатуға жол бермеу, жалған және арандатушылық ақпараттардың таралуына қарсы күресу мақсатында, сондай-ақ, Төтенше жағдай режимінің бұзылуына қатысты құқық қорғау органдарының қабылдайтын шаралары туралы айтты. Қазақстан Президенті азаматтардың құқықтары мен қоғам мүддесін сақтаудың, уақытша шектеу шаралары кезінде заңдылықты қамтамасыз етудің маңыздылығына баса мән берді.

# ЕЛІМІЗДЕ ЕКІ ҚАЛАДА КАРАНТИН ЖАРИЯЛАНДЫ

**ҚР Премьер-Министрі Асқар Маминнің төрағалығымен ҚР Президенті жанындағы төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комиссияның отырысы өтті.**

COVID-19 таралуының күрделі жағдайын ескере отырып, сондай-ақ Қазақстанның басқа қалаларына коронавирустың таралуының алдын алу мақсатында Мемлекеттік комиссия Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында қосымша шектеу, алдын алу және эпидемияға қарсы шараларды енгізу туралы шешім қабылдады.

Аталмыш шұғыл шара карантинді енгізу және ауқымды санитариялық-эпидемияға қарсы іс-шараларды жүзеге асыру, карантин аймағының периметрін белгілеу, ауруды жұқтырғандар, инфекцияға күдіктілер, карантиндегілер санаты бойынша арнайы емдеу мекемелерінің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету,халықты азық-түлікпен қамтамасыз етуді ұйымдастыру, азық-түліктік емес сауда базарларының жұмысын, азық-түлік өнімдері мен дәрілік заттарды сататын нысандарды қоспағанда, ірі сауда-ойын сауық орталықтары мен сауда үйлерінің жұмысын уақытша тоқтата тұру, дәрі-дәрмектерге, тіршілікті қамтамасыз ету заттары мен алғашқы қажеттілік тауарларына тәулік сайынғы қажеттілігін анықтау сияқты міндеттерді талап етеді.

# ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ ДА ТЕЖЕЙ АЛМАДЫ

**Қарағанды облысы Ақтоғай ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы аса ірі көлемде бюджет қаражатын жымқыру фактісі бойынша күдікті деп танылды.**



«Осы жылдың 13 наурызында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің Балқаш аймағы бойынша ауданаралық бөлімі Ақтоғай ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі мен «Аспап» өндірістік кешенінің лауазымды тұлғаларының бюджет қаражатын жымқыру фактісі бойынша сотқа дейінгі тергеуді бастады. Олар Ақтоғай ауданы Сарышаған кентіндегі «464 орындық мектеп құрылысы» нысанына «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы аясында бөлінген 45 млн. теңгеден астам бюджет қаражатын жымқырды деген күдікке ілініп отыр», - деді ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің 1-ші департаментінің аға тергеушісі Данияр Бигайдаров агенттікте онлайн режимде өткен баспасөз мәслихатында. Күдіктілерге қатысты түпкілікті шешімді сот қабылдайтын болады.

# ТЕҢГЕ ТОҚТАУСЫЗ ҚҰЛДЫРАУДА

**Әлемді жайлаған коронавирус пен мұнайдың халықаралық нарықта бағасының екі есе арзандауы біздің еліміздегі экономикалық жағдай мен қаржы саласына өзінің кері әсерін тигізуде.**

Түшкіріп қалсақ та төмен құлдырай жөнелетін теңгенің бүгінгі жағдайы мүлдем мүшкіл. Соңғы аптада ол «төртжүздік» табалдырықты нық басып аттаған соң бірден төрге барып жатып алған секілді. Елорда мен Алматы қалаларындағы ақша айырбастау пункттерінде бүгіндер доллар 439-440 теңгеден сатылып жатыр. Kurs.kz деректеріне қарағанда 1 еуро 495-500 теңге деңгейіне көтерілген. Ал, тұрғындардан долларды сатып алу 435-437 теңге аралығында тұр. Ақша айырбастау орындарында доллар тапшылығы анық байқалады.

# ЖАСТАР ЖЕТЕКШІСІ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

**Түркістан облысы қоғамдық даму басқармасының «Жастар ресурстық орталығы» КММ-не басшысы болып Амалбек Өміртай тағайындалды.**

Амалбек Дәркенұлы Алматы қаласындағы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Халықаралық қатынастар факультеті «Әлемдік экономика» мамандығын үздік тәмамдаған. Халықаралық экономикалық қатынастар магистрі, қазірде «Әлемдік экономика» бойынша PhD докторант. Германия, Польша, Қытай мемлекеттерінде мемлекеттік басқару ісі бойынша шетелдік, сондай-ақ, Назарбаев университетінде, Мемлекеттік басқару академиясында ғылыми іс-тәжірибелік тағылымдамалардан өткен. Еңбек жолын ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Халықаралық ынтымақтастық департаментінде бастап, үкімет аралық келіссөздер мен форумдарды ұйымдастыру бойынша жауапты қызметтерді атқарған. 2018-2019 жылдары Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының оқытушысы, Алматы мемлекеттік сервис және технология колледжінің директоры орынбасары, «Түркістан» ӘКК» Түркістан Инвест ұйымында Экспортты ілгерлету орталығында жетекшілік жасаған. Қоғамдық белсенділігі мектеп қабырғасында басталып Шымкент қаласы №78 мектептің өзін-өзі басқару ұйымының төрағасы, 2011-2017 жылдар аралығында студенттік декан, Алматы қаласы «Заңғар» пікір сайыс клубының төрағасы, «Тинберген» саяси-экономикалық клубының жетекшісі, Рухани жаңғыру бағдарламасы «Ұлттық аударма бюросы» ҚБ-ның саясиэкономикалық бағыттағы редактор-аудармашысы қызметтерін атқарды.

# ҚАРЖЫ НАРЫҒЫНДА ТҰРАҚСЫЗДЫҚТЫ ТЕЖЕУ ШАРАЛАРЫ БАСТАЛДЫ

**Қазақстан Ұлттық банкі мен «Қазақстан қор биржасы» АҚ Франкфурт аукционы түріндегі сауда-саттық жүргізу туралы бірлескен мәлімдеме жасады.**

«Өткен тәулікте жаһандық қаржы нарығындағы құбылмалық айтарлықтай артты. Brent маркалы мұнай бағасы баррелине 25 долларға төмендеп, бір тәуліктің ішінде 14 пайызға, жыл басынан бері 60 пайыздан астамға құлдырады. Әлемдік қор және валюта нарықтары құлдырауын жалғастыру үстінде. Ресей рублі бір күннің ішінде 7,3 пайызға, ал жылдың басынан бері 30 пайызға әлсіреді. Осындай жағдайда ішкі валюта нарығына сыртқы факторлардың тұрақсыздандыру ықпалын шектеу үшін және Қазақстан Республикасының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге жәрдемдесу мақсатында Ұлттық банк «Қазақстан қор биржасы» АҚпен бірге 2020 жылдың 19 және 20 наурызында теңге-доллар валюта жұбын Франкфурт аукционы түрінде сату шешімін қабылдады», - деді Ұлттық банктен. Франкфурт аукционы түріндегі сауда-саттық жүргізу туралы шешім клиенттердің қолындағы өтінімдерді қанағаттандырады және валюта нарығындағы жағдайдың тұрақсыздануына жол бермейді. Сауда-саттықтың мұнан арғы режимі туралы ақпарат жария мәлімдеме арқылы таратылады. Естеріңізге сала кетсек, бұған дейін де «Қазақстан қор биржасы» 2005 жылдың 1 шілдесінде Франкфурт аукционы түрінде сауда-саттық енгізген болатын.





# ШАРДАРАЛЫҚ ОҚУШЫ МӘСКЕУДЕ ЖҮЛДЕГЕР АТАНДЫ

**Түркістан облысы, Шардара ауданының әкімі Қайрат Жолдыбайұлы Халықаралық экология, инженерия және педагогика ғылымдары академиясының ұйымдастыруымен өткен халықаралық ғылыми-практикалық конференциядан жүлдемен оралған шардаралық оқушы мен оның жетекшісін қабылдады.**

Ресейдің астанасы Мәскеуде оқушылар мен студенттер арасында алтыншы жыл өткізіліп отырған «Шексіз ғылым» жас ғалымдар конференциясына Шардара ауданының «Достық» жалпы орта мектебінің 10-сынып оқушысы, жас ғалым Мадияр Молдабек өзінің «Тыныштық – Тәңірдің сыйы» тақырыбындағы ғылыми жұмысын қорғап, жүлделі II орынға ие болды. Мадиярдың аталмыш жобасына аудандағы ұлағатты ұстаздардың бірі Пернекүл Ахметова ғылыми жетекшілік жасаған.

«Бүгінде ауданымызда жас та болса ауданымыздың атын әлемге танытып жүрген азаматтар баршылық. Соларды бірі – Мадияр, өзіңсің. Ауданымыздан талантты шәкірттер шығып, ғылыми салада өзін көрсетуі бұл білім бөлімінің, ұстаздардың тынымсыз еңбектерінің нәтижесі деп білемін. Әрқашан осылай биіктен көрініп, ауданымыздың және еліміздің атын әлемге шығаратын айтулы тұлға бол! Пернекүл апай, шәкіртіңіздің осындай дәрежеге жетіп отырғандығы, ең бірінші сіздің еңбегіңіз деп білемін. Өзіңіздей ұлағатты ұстаздарымыз барда әлемді мойындатар талай шәкірттер шыға беретініне сенемін» – деді аудан әкімі.

Қабылдау барысында аудан басшысы жақсы жетістікке жеткен ұстаз бен шәкіртті Алғыс хатпен марапаттады. Айта кетейік, сәуір айында Польша Республикасының Варшава қаласында өтетін ғылыми конференцияға жолдама жеңіп алған Мадияр Молдабек ел намысын қорғайтын болады.

Бауыржан НАЙМАНОВ

№12 (882),
21.03.2020 – 30.03.2020 jyl
ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz

**Ел Тәуелсіз болуы үшін алдымен Ер Тәуелсіз, Елдің де, Ердің де есімдері де, саналары да Жат елдің жалғауы мен заңына Тәуелсіз болуы керек! Ал бізде Елдің аты да БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫНДА әлі KAZAKHSTAN деп, «КАЗАХСТАН» деген РЕСЕЙ ТІЛІНДЕГІ ЖАЗЫЛЫМЫ ТҰР?!. БҰНЫ ҚАШАН «ҚАЗАҚ РЕСПУБЛИКАСЫ» деп ауыстырамыз? Кеңес империясының өзінде 71 жыл «ҚАЗАҚ РЕСПУБЛИКАСЫ» деп аталған Елге биыл 100 жыл толады! Ендеше Ел атын өзімізде де, БҰҰ-да да ауыстыратын кез келді! Бұл туралы «Ақ жол» партиясы төрағасы, Мәжіліс депутаты Азат Перуашев көптен бері мәселе көтеріп келеді. Ұлт зиялылары да толық қолдау білдіруде.**




# ҚҰЛДЫҚТАН ҚҰТЫЛМАҒАН АТАУЛАР

## БӘРІ ДЕ ЕЛ МЕН ЕРДІҢ АТЫНА БАЙЛАНЫСТЫ!

## «АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯСЫ БАСШЫЛЫҒЫ НАЗАРЫНА!

Иә, Кеңес империясының қылышынан қан тамып тұрған кезеңінің өзінде 71 жыл «ҚАЗАҚ РЕСПУБЛИКАСЫ» деп аталған Ел атына 1991 жылы Тәуелсіздік алғанда «СТАН» деген орынсыз жалғау қосуды ұсынып, Тәуелсіздік туының орнына жағымпаздық жалауын желбіретіп, отарлық санадан айрылмай жүргендер енді қателіктерін мойындап, елден кешірім сұрап, ақталуы үшін алдымен өздері ел атынан «СТАН» жалғауын алып тастауды үгіттеуі керек!

Содан соң қай тілде, қай әліпбиде жазылса да, ҚАЗАҚСТАН немесе ҚАЗАҚ РЕСПУБЛИКАСЫ деген атау өзге тіл мен өзге әліпбидің ыңғайына жығыла салмау керек! Мысалы, біздегі Конституциямыздан бастап, орыс тілінде де, орыс тілді басылымдарда да тек «ҚАЗАҚСТАН» (QAZAQSTAN) деп жазылуы керек.

Бізде мемлекеттік органдардың басым бөлігінің аттары да, сайттарында Ресей тілімен жазылған. Бұл туралы кезінде тіпті «Егемен Қазақстанның» өзі де мәселе көтеріп, дабыл қақты!

Сол секілді адам аттары да екі тілде екі түрлі болатын отарлық заманның сарқыншағынан арылатын кез жетті!

Мысалы, мен ешуақытта қай тілде болса да, орыс тіліндегі басылымдарда да, әкемнің азан шақырып қойған «Жарылқасын» деген атын «ЖарылКасынОВИЧ» деп Ресей тіліне бұрмаламақ түгілі, атымды «КАЗЫБЕК» деп айтқызып, жазғызбаймын, өйткені ол төлқұжатта – «ҚАЗЫБЕК».

Екі-үш жыл бұрын Алматы ауыр машина жасау зауытының 70 жылдығына арналған салтанатты тойда мен алдын ала берген визиткамда бәрі дұрыс жазулы тұрса да «Казбек ЖарылКасынОВИЧ» деп сөз сөйлеуге шақырғаны үшін асабалар, белгілі телеарнадағы «ҚызықТаймс» деген белгілі хабардың белгілі жүргізушілері – екі жігіт менен жақсылап сөз естігені бар сол жерде. (Жалпы бізде тойдағы асабалардың басым бөлігі сауатсыз жадағай жаттамашылар ғой).

Менің Тәуелсіз мемлекетімнің аты барлық жерде «Қазақстан» деп аталуын талап ететінім секілді біздің Тәуелсіз мемлекетіміздің Президентінің аты-жөні де барлық жерде, барлық елде «Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқай» болуын қалайтындар көп қазір. Бұны әлеуметтік желілерден анық байқауға болады. Менің ойымша, Қадірлі Президентіміздің аты мен әкесінің аты төлқұжатта «Қасым-Жомарт Кемелұлы» болуы керек. Ендеше неге біз президенттің аты-жөнін бұрмалап, «Касым-Жомарт Кемелович» деп Өзге Ел тілінің ыңғайына жығылып, бұзып айтуымыз керек?!.

Егер Ел басшысы тегін Ұлттық негізде жазса, мемлекеттік қызметкерлердің бәрі үлгі алатыны анық!

Тоқсаныншы жылдары Рахманқұл Бердібай, Шерхан Мұртаза т.б. қаламгер-қайраткерлер, ұлт зиялылары аты-жөндерін қазақшалау үрдісін бастап, Елбасыға да емеурін танытқанда, Нұрсұлтан Назарбаев «Мен Біріккен Ұлттар Ұйымына қол қойып қойдым. Сіздер түгел өзгерте беріңіздер, арнайы Жарлық шығарып бердік қой» дегендей мазмұнда жауап берген еді. Бірақ біз кейін «Қазақ үні» газетіндегі «Тәжік президенті мен Тәжиннің тәлімі»




атты мақаламызда БҰҰ-ға қол қойған Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмонның тегінен «ОВ»-ты алып тастағанын жазған болатынбыз...

Бізде мынадай масқара бұрмалаулармен де аты-жөні Құлдық құлкыпен отыз жылдан бері әлі өзгермей жүргендер де аз емес:

«НУрдАВлет, ДжарылКап, ГУЛЬжан, АнарА, ЛЕЙлЯ, АйгУлЬ, АлИ, КУрбан, МАлИкаДЖДар, КАкшетАВ, КАрГОС, ИртЫШ» т.б. Сонымен бірге АТАЛАРЫНЫҢ АЗАН ШАҚЫРЫП ҚОЙҒАН АТТАРЫНАН ОТЫЗ ЖЫЛДАН БЕРІ ӘЛІ «ОВ-ОВА-ОВИЧ-ОВНА, ИН-ИНА» ОТАРЛЫҚ ЖАЛҒАУЛАРЫНАН ҚҰТЫЛМАҒАНДАР!




Бұлар Нұрдәулет, Жарылғап, Гүлжан, Анар, Ләйлә, Айгүл, Әли, Әлі, Құрбан, Мәлікәждар, Көкшетау, Қорғас, Ертіс деген қазақтың керемет әуезді де, әдемі аттары ғой!

Тіпті масқарасы, осындай бұрмалаулар мен отарлық жалғаулар кейде Тәуелсіз Қазақстанда туғандардың аты мен тектерінде де кездесіп қалады. Шамасы, ата-анасы әбден құлдық өтіп кеткен, бұрынғы қожайындарына әлі «адал құлдар» болуы керек!

Өзінің құлдық құлкы мен жалқаулығын, яғни Ұлттық намыс алдымен Ел мен Ердің атынан басталатынына бас қатырғысы келмейтіндер өздері жиі пайдаланатын, әрдайым дайын тұратын мынадай өтірік сылтаулар бұл жерге жүрмейді:

1.Атын, тегін, әкесінің атын ауыстыру үшін Төлқұжатты ауыстыруға көп уақыт керек, әуресі көп;

2. Төлқұжатты ауыстыру үшін бұрынғы алып қойған Туу туралы куәлік, диплом, неке куәлігі, жүргізуші куәлігі, үй құжаттары т.б. ауыстыру керек болады.

Бұл сылтаулардың бәрі өтірік! Өйткені, өткен жылы тіл күрескері Мұқағали Балқыбай «МУКаГали БУркИтОВИЧ БалКыбаЕВ» деген орыс отаршылдығын білдіретін төлқұжатын жарты сағатта ауыстырды!

Өтірік айтпайық, әрине, оған да алдымен ЦОН-дарда толып отырған, өздері жалақы алып отырған жұмыстарын түк білмейтін сауатсыздар болса да, өзгелерге кесепаттықпен кедергі жасайтын қызметкерлер жоғарыда біз келтіргендей:

«1.Атын, тегін, әкесінің атын ауыстыру үшін Төлқұжатты ауыстыруға көп уақыт керек, әуресі көп;

2. Төлқұжатты ауыстыру үшін бұрынғы алып қойған Туы туралы куәлік, диплом, неке куәлігі, жүргізуші куәлігі, үй құжаттары т.б. ауыстыру керек болады»-деп шығарып салған.

Сонда ол кесепатшылар ҚР Президентінің осыдан ширек ғасырдай бұрын 1996 жылы шыққан Азаматтардың аты мен тектерін Ұлттық негізде жазу туралы Жарлығын бұзып, кімдердің (басшыларының ба?..) тапсырысын орындап отыр?!.

Кейін біз араласқасын, «ауыстыруға болмайды» деген төлқұжат құжаттары жарты сағатта дайын болды!

Иә, осыдан бір ай бұрын мен де жұбайыма ипотекалық несие алуға келісім беру үшін елордадағы нотариусқа бардым.

ЦОН-дарда отыратын, төлқұжатын қазақшалағысы келетін кесепатшылар (әрине бәрі сауатсыз емес) секілді емес, менің 1992 жылғы Неке куәлігімдегі «Казбек Жарылкасынович Исаев» деген аты-жөніме және қазіргі төлқұжатымдағы орыс отаршылдығынан 1997 жылы құтылған «Қазыбек Иса Жарылқасынұлы» деген аттарыма бір қарап алды да, нотариалдық келісім жасап берді. Заңды білетін адам!

ЦОН-дағы отырған, заңды білмесе де, кесепат көрсететіндер мен заңды төлқұжатын қазақшалағысы келгендер үшін ҚР Президентінің 1996 жылы шыққан Азаматтардың аты мен тектерін Ұлттық негізде жазу туралы Жарлығын барлық ЦОН мекемелеріне іліп қою керек деп мен осыдан оншақты жыл бұрын жазып едім...

Мұқағалидың біздің «Қазақ үні» сайт/газетінде жарияланған «МЕНІҢ «МУКАГАЛИ» БОЛҒЫМ КЕЛМЕЙДІ» деген мақаласын оқыған бір інімі сол газетті алып алды да, Елордадағы ЦОН-ға барып, жарты сағатта төлқұжатын ауыстырып алды. Ол інішек жұмыссыз жүрген қарапайым жігіт. Солар айтқанын істете алғанда, біздің «ақ дегені алғыс» Ақордада, Президент әкімшілігінде, Үкіметте, Парламентте, министрлік пен әкімдіктерде, мемлекеттік органдар мен мекемелерде істейтін қызметкерлер неге қолдарынан түк келмейтін дәрменсіз болып отыр?!.

Иә, бәрі өзімізге, Тәуелсіз санамызға байланысты! Ер есімінің қазақшалануы өздерінің ерлігі мен қайрат-жігеріне қарап тұр!

Ұлттық мүддені қорғау осындай қарапайым жәйттердегі қатаң ұстанымнан -Ұлттық намыстан басталады!

**Қазыбек ИСА,**
*Қазақ үні*

# «АК ЖОЛ»: ОСОБОЕ ВНИМАНИЕ К МСБ

## ПРЕМЬЕР-МИНИСТРУ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН МАМИНУ А.У.

**«Ак жол» в своем депутатском запросе просит правительство с особым вниманием относиться к МСБ в ходе реализации антикризисных мер.**





Фракция Демократической партии «Ак жол» выражает поддержку усилиям государства по преодолению кризисной ситуации, сложившейся вследствие обвала цен на нефть на мировых рынках 9 марта т.г.

Эти события, как и другие торговые войны последних лет, в очередной раз создают неблагоприятные условия для роста и макроэкономических процессов в странах с сырьевой ориентацией экономик.

Тем не менее, оперативная реакция на изменения глобальной конъюнктуры со стороны руководства государства и правительства, и прежде всего – наличие подушки безопасности в лице созданного первым президентом Национального фонда – позволяют Казахстану значительно снизить негативный эффект кризиса и гарантировать выполнение социальных обязательств перед обществом.

В этой связи мы положительно оцениваем создание Штаба оперативного реагирования и принимаемые им первоочередные меры, готовы оказывать необходимое содействие правительству.

В то же время, считаем, что некоторые шаги нуждаются в уточнении.

Так, в совместном заявлении правительства и Нацбанка, в частности, говорится:

– о предотвращении необоснованного роста цен, особенно на социально-значимые товары и услуги;

– о жестком контроле за недопущением сокращения работников;

– о повышении базовой ставки Нацбанка, которая затем была резко увеличена с 9,25% до 12%.

Заявленные направления вызывают определённые вопросы в бизнес-сообществе, прежде всего, среди малых и средних предприятий.

Например, каким образом будет определяться обоснованность или необоснованность цен? Будет ли при этом учитываться вся цепочка стоимости, или опять крайними окажутся лишь непосредственные производители товаров и магазинчики у дома?

Между тем, даже не говоря об импортных товарах и сырье, оплате кредитов банкам, повторном налогообложении и т.д., значительную долю себестоимости составляют тарифы монополистов в энергетике, водоснабжении, владельцев подъездных путей, всевозможных управляющих компаний над ними, созданных, в том числе, самими акиматами.

Их аппетиты, миллионные зарплаты и бонусы сидят в хлебе, молоке, крупах, макаронных изделиях, детской одежде и т.д.

Цены на эти товары акиматы будут контролировать в первую очередь, а поборы монополистов с их производителей, как правило, остаются без должного внимания.

Относительно жёсткого контроля за недопущением сокращения работников – крайне важная мера, когда речь идёт о сырьевых гигантах, эксплуатирующих природные богатства Казахстана.

Однако распространение того же подхода на все отрасли, включая малые и средние предприятия, является неоднозначным, особенно учитывая, как наши чиновники понимают выражение «жёсткий контроль». Они и без того о «мягком» контроле никогда не слышали.

Совершенно очевидно, что на фоне происходящего объективно снизится покупательская способность населения.

А значит, сократятся и доходы предприятий, работающих с населением, которым к тому же запретили повышать цены вопреки объективным тенденциям. Из чего платить зарплату, если бизнес станет убыточным?

Маленькие трудовые коллективы нередко становятся одной семьёй, и с пониманием относятся к необходимости сократить зарплату, чтобы избежать сокращений или даже закрытия бизнеса.

В том и сила малого и среднего бизнеса, что при ухудшении конъюнктуры он может сократить издержки, а при восстановлении оборотов – снова набрать скорость. Если лишить МСБ этой возможности, он просто разорится, потому что запас прочности у него очень небольшой.

Что касается повышения базовой ставки Нацбанка, то это решение не учитывает правила контрцикличности, которое предписывает повышать проценты при росте экономики, а в кризис, напротив, делать кредиты дешевле.

И без того при нынешних ставках выживает преимущественно торговля чужими товарами. Собственное производство при таких процентах по кредитам никогда не станет рентабельным. А зависимость от импорта означает и ещё большую зависимость от валютных колебаний и цен на сырьё. Получается замкнутый круг.

Считаем, что в нынешних условиях нужно не ограничивать инвестиции, а напротив, ускорить программу несырьевой индустриализации, выделить дополнительные средства и скорее запустить работу Фонда развития промышленности, предоставить дешёвые и долгосрочные средства производству готовой продукции, прежде всего, товаров массового потребления, обеспечить честную конкуренцию и прозрачные условия на рынке. Сдерживать цены нужно у монополистов, висящих на шее у производителей и населения, а не у МСБ; максимально сократить любые непроизводственные, кредитные и коррупционные издержки предпринимателей, которые ложатся дополнительным грузом в себестоимость товаров. В дальнейшем нужны срочные меры по уходу от нефтяной зависимости и построению современной диверсифицированной экономики. Лучшим инструментом для этого является открытость и прозрачность власти и её решений перед обществом.

Демократическая партия «Ак жол» считает, что экономические реформы уже невозможны без реформирования политической системы, поэтапного внедрения институтов и принципов парламентской республики.

На основании вышеизложенного, просим в ходе реализации антикризисных мер учитывать системные причины происходящего, с особым вниманием относиться к взаимодействию с предприятиями малого и среднего бизнеса.

**С уважением,**
**депутаты фракции**
**Демократической партии**
**«Ак жол»**

# ПОСЛЕ ОБРАЩЕНИЯ «АК ЖОЛА» МОН ПОДДЕРЖАЛО ПИЛОТА «БОИНГА»



После обращения «Ак жола» минобразования поддержало казашку – действующего пилота «Боинга», обучающуюся по программе «Болашаке»

После обращения «Ак жола» минобразования поддержало студентку, включив летний семестр в срок ее обучения по программе «Болашак».

На имя Азата Перуашева обратилась Айгерим Молдашева – стипендиатка программы «Болашак», обучающаяся в университете Южной Калифорнии. По условиям университета ей потребовался летний семестр, в связи с изменением программы. При этом не менялся ни срок обучения, ни общая нагрузка по кредитам на последующие семестры.

Просьбу А.Молдашевой поддержал председатель Жамбылского областного совета ДПК «Ак жол» Асан Кошмамбетов, который много лет спонсировал Таразский клуб парапланеристов, где Айгерим занималась в детские годы. Круглая сирота, она оказалась скромной и упорной девушкой: окончила Авиационную академию, после чего два года работала пилотом сельскохозяйственной авиации на «кукурузнике» АН-2, обрабатывая посевы пшеницы и масленичных. Потом прошла обучение в Ирландии и несколько лет служила вторым пилотом пассажирских «Боингов» в национальной компании «Эйр Астана». Накопив приличный профессиональный опыт, поступила в магистратуру по программе «Болашак».

Однако, руководство Центра Международных программ отказало в просьбе А.Молдашевой ссылаясь на то, что договором летний семестр обучения не был предусмотрен.

В этой связи председатель Демократической партии «Ак жол» обратился в адрес Госсекретаря РК Крымбека Кушербаева с просьбой оказать содействие и помочь одарённой девушке, сертифицированному международному пилоту «Боинга» закончить обучение.

Из поступившего 11 марта официального ответа МОН РК за подписью вице-министра Б.Асыловой стало известно, что просьба студентки А.Молдашевой о включении в ее план обучения пятого семестра удовлетворена.

Демократическая партия Казахстана «Ак жол» и ее парламентская фракция продолжают работу по защите интересов своих избирателей.



# «АК ЖОЛ» ПРИОСТАНАВЛИВАЕТ МЕРОПРИЯТИЯ НА СРОК ЧП

Сообщение Демократической партии «Ак жол» о приостановлении мероприятий в регионах и центре на срок чрезвычайного положения.

«В связи с обращением президента К.Токаева и введением чрезвычайного положения, демократическая партия «Ак жол» приостанавливает все массовые мероприятия (конференции, круглые столы, и др.), планировавшиеся в регионах и центре, на срок чрезвычайного положения.

Мы также выражаем поддержку принимаемым государством мерам по противодействию распространения коронавируса COVID-19 и призываем граждан строго придерживаться рекомендаций правительства по предупреждению новых заражений.

Не сомневаемся, что человечество и в том числе, наш народ, преодолеет это испытание.

Берегите себя и своих близких!»

*Пресс-служба «Ак жола»*

# ҚАЗАҚИЯНЫҢ ҚАЙТА ӨРЛЕУ ДӘУІРІ ҚАШАН ТУАДЫ?

## ҰЛТ ПАТРИОТЫНЫҢ ҰСЫНЫС-БАҒДАРЛАМАСЫ



### КӨШЕГЕ ШЫҒУДАН БҰРЫН КЕЛЕШЕК ЖАЙЛЫ ЖОСПАР ЖАСАЙЫҚ

Біз газетіміздің өткен нөмірінде «Осыдан бір ай бұрынғы Қордай оқиғасы біздің Ұлттық саясатымыздың толығымен жарамсыз екендігін тайға таңба басқандай етіп, анық көрсетіп берді. ...Сондықтан, бағытымызды неғұрлым ертерек және түбегейлі түрде өзгертуге кірісуіміз – ауадай қажеттілік» деп жазған едік.

Бірақ, оның ауадай қажеттілік екенін түсіну бар-дағы, оған кірісу бар, кірісу үшін алдымен жан-жақты да терең дайындық жасау бар. Сөздің шынына келсек, біздің елдің бүгінгі билігі ондай дайындыққа кірісе қояды деп иегіміз қышымайды. Себебі, ол өзін-өзі өзгертуге қабылетсіз. Егер тәуелсіз Қазақстанның алдындағы біздің біртұтас Отанымыз болған Кеңес Одағында ондай жол-жосық жасалғанда, бүгінгі біздің билік те өзгеріске қабылетті болар еді. Өкінішке қарай, коммунистік-бюрократиялық жүйе оған қауқарсыз болып шықты. Лениннің «жоғары жақтағылар жаңаша басқаруға жарамайтын, ал, төмендегілер ескіше өмір сүргісі келмейтін болса, революциялық ахуал-жағдай дегеніміз сол болады» деген формуласы ресейлік монархиялық-капиталистік жүйе үшін ғана емес, социалистік қоғам үшін де дұрыс болып шықты. Бұл арада аталған екі мемлекеттің негізгі ұйытқылық рөлді атқарушы күші 19-ғасырдың екінші жартысында ғана құл иеленушілік жүйеден құтылған орыс халқы болғаны да үлкен рөл атқарғанын атап кетуге тиіспіз... Тіпті, 1991 жылдан бері де әр бес жыл сайын, ӘДІЛ САЙЛАУ арқылы жоғарғы билік жүйелі түрде ауысып отырғанда өзіміздің ұлттық, соқтықпалы түрде болсын, соқпағымыз салынып қояр еді. Бірақ, біздің талайымызға ол да бұйырмаған болып шықты...

«Аузы күйген үріп ішеді», авторитарлық жүйеден аузы әбден күйген қазақ халқы болашақта ондай келеңсіздікке жол бермейді деген сенім бар қоғамда. Мәселе – өзгеріс қашан және қалай келеді? Келу үшін не істеу керек? Төлемырза Темірбекұлы досым айтпақшы, «қандай амал бар?» Жазушы Талғат Айтбаев қазақ мемлекетіндегі, қазақ қоғамындағы бүгінгі ахуалға анализ жасай келіп, былай дейді (сәл қысқарттық – **Ө.А.**): *«Тәуелсіздік қазаққа не берді? Әй, кеуде керіп айтатындай қуанышқа кенеле алмадық-ау. Барымыздан айрылдық. Кеңестік кездегі жетістіктеріміздің бәрін тәрк еттік. ...Отыз жылға жуық уақыт ішінде біздің билік елді қалай басқармау керек екендігін көрсетті. Кілең жемқорлар, алаяқтар, аярлар, жағымпаздар, жебірлер өсіп-жетілді. Қоғамның психологиясы жүз сексен пайызға кері бұрылды. Енді социалистік кездегі адами қалпымызға келу үшін отыз жылдай уақыт керек... Күні кеше ғана біздің «қалаулыларымыз» халыққа қарсы бір заң қабылдады. «Қазақстан Денсаулығы туралы» заңды елдің ертеңін ойлайтын, халықтың келешегі үшін жаны ауыратын адамдардың бәрі фашистік заң, халықты түп-тамырымен құртатын заң деп қабылдады. Оның аясындағы аярлықпен жасалған тармақтардың қаншалықты залалды екенін айтудай айтып жатыр. ...Тағы да қазаққа қарсы бір шешімнің шығатынын айтпай-ақ біліп отырмыз. Бұл билік осындай әрекетімен қазақты көтерілуге әкеле жатыр. Міне, қасірет!..*

*Бұл билік қайткенде де кетпеудің әрекетін жасайды. Ол үшін халықтың ішінен шыққан «халықшылдарды» да пайдаланады. «Қосановшыларды» көбейтеді. Енді бұл билікке тоқтау жасайтын, кетіретін амал бар ма? Бар! Ол – жаппай көшеге шығу, Армениядағы сияқты Астананың, Алматының алаңынан апталап кетпей тұрып алу. Қазір қақаған қыс емес, күн жылынды. Бізге басқадай жол қалды ма?.. Біз мына қасіретті өстіп қана кетіріп, тазара аламыз. Ұл-қыздарымыздың, олардан өрбитін ұрпақтардың бақытты болуын шын қаласақ, солай етпеске амал жоқ».*

Құрдасымыздың пікірін қаперімізге ала отырып, халықты көшеге шығуға шақырудан бұрын, ертең билік ауысқан күні не істеуіміз, істе неден бастауымыз керек екенін анықтап алу, соның нақты бағдарламасын жасап алу әлдеқайда маңызы демекшіміз. Себебі, бүкіл әлемді тықсырып бара жатқан мынау індетке қарсы аз ғана халқымызды ең болмаса маскамен қамтамасыз ете алмай отырған, екі миллиард теңгенің қайда жұмсалғанының есебін бере алмай отырған, доллардың бағасын көтермей ұстауға шамасы келмей отырған үкіметке қарсы қымбатшылық пен кесел екі өкпесінен бірден қысқан халықты көтеруге болатын шығар, ал, содан кейін ше? Отырған үйінді бұзбастан бұрын, жаңа үй салып алу керек емес пе?.. Онсыз да «нарықтың құзынан бір-ақ секіріп өтеміз, екі секіруге болмайды» деген, «нарық дегеніміз өзін-өзі автоматты түрде реттеп отыратын керемет жүйе, одан қорықпауымыз керек» деген, «үкімет экономикаға араласпайды, халық өзін-өзі асырауы тиіс, масылдықтан ертерек арылу керек» деген «данышпан» премьерлердің, кеңесшілердің, т.б. тілімен жеткен жеріміз белгілі болып отыр ғой. Сол қателерді бүгін тағы қайталап, «не болса ол болсын, бүгін тезірек билікті ауыстырсақ болды, қалғаны өзі кейін реттеледі» десек, бұл біздің аңғалдығы өзімен бірге кететін қазағымызды екінші рет, қайтып тұра алмастай етіп алдағанымыз ғана болып шықса қайтеміз? Олай етуге хақымыз бар ма біздің?..

Бұрын да талай айтып едік, тағы да қайталап кетуге рұқсат етіңіздер, түптің түбінде Қазақия (әзірге Қазақстан аталатын) мемлекетінің басшылығына ұлтшылдар келмей, көсегеміз көгермейтіні ақиқат. Өйткені, ұлтшылдар келмей, Ұлттық мемлекет құра алмаймыз. Ұлтшыл дегеніміз, ең алдымен атасының қанымен, анасының сүтімен қазақ тілін сүйегіне сіңдіріп, қазақша білім мен қазақша тәрбие алып өскен адам. Қазақтың тілін білмеген адам оның жанын түсіне алмайды, жанын түсінбегеннен кейін мұңы мен зарын түсіне алмайды. Осы ұлтшылдық тұрғыдан, алдағы біраз нөмірде экономикамыз, мәдениетіміз, руханиятымыз қай бағытта қалай дамуы тиістігі жайлы өз жоба-жоспарымызды, тіпті Бағдарламамызды ұсынсақ дейміз.

### БІР ҰЛТ – БІР ДІН!

Біздің бағытымыз сонау 1992 жылы 15 қаңтарда түрлі жат, зиянды діни ағымдардың кіруіне жол ашып қойған діни сенімдер жайлы заң қабылданғаннан кезден бастап-ақ қисық кеткен болатын. Соның зардабын тартып та жатырмыз. Біз оны қазақ мүддесіне сай келетіндей етіп қайта қабылдаймыз. Біз исламдағы Әбу Ханифа бағытын бұлжытпай ұстанатын боламыз. Себебі, ислам діні біреу болғанмен, шариғат көп. Діни алауыздық – ең қатерлі алауыздық, себебі діни сенім ақылға емес, санаға емес, сезімге, түпсанаға байланады. Қызды, Отанды сүю де, дінді сүю де, бәрі тең ұғым. Сіз сүйген жарыңыз үшін отқа да, суға да ойланбай түсетін болсаңыз, дін үшін де дәл солай өлімге бас тігесіз. Ойлануға мұршаңыз болмайды, сіздің ақыл-анаңызды сезім билеп тұр. Исламдық секталардағы «сақалдылардың» «менің сақалым өзімнің басыммен бірге алынады» деуінің себебі сол. Елімізде ресми түрде 20 мыңдай діни секталар мүшесі бар болса, іс жүзінде олар екі-үш есе көп деген сөз. Әлемдегі соғыс атаулының басым бөлігі діни алауыздықтан туындайды. Сондықтан, салафит, уахабит, құранит, т.б. толып жатқан ағымның бәріне тыйым салынады. Ер адам сақалды қазақ дәстүріне сай қырық жастан асқан соң немесе әкесі қайтыс болған соң ғана қоя алады. Оның өзінде ол өзгенің жиркенішін тудырмай, қайта иесінің көркін ашып тұруы тиіс. Өйткені, жеке адам қоғам пікірімен санасуға міндетті! Біз сыртымызды әдемілеуге әуеспіз. Жоқ, әуелі ішімізді, санамызды сай етейік. Намаз оқу, ораза тұту – адам мен Алланың арасындағы ғана іс. Намаз оқитын, бірақ, «уақытша неке» деген бәлені тауып алып, әйелін талақ етіп, әйел ауыстырғыштардың шолжаңдауына енді жол берілмейді!

### ҚАЗАҚТЫҢ КӨБЕЮІ – БАСТЫ МӘСЕЛЕ!

Адам баласы аналардың арқасында ғана көбейе алады. Ал, ұрпақ көбеюі үшін бірінші кезекте әйелдің, екінші кезекте еркектің денсаулығы жүз пайыз дұрыс болуы керек. Көбею үшін біз билікке келгенде нақты не істеуіміз керек? Ол үшін бір жыл ішінде 16 мен 45 жас арасындағы барлық тұрғын диспансерлік тексеруден өткізіліп, денсаулығында ақауы бар адамдарға ем белгіленеді, бұл шара әсіресе әйел адам үшін маңызды. Мемлекет бала көтерер жастағы әйел қауымының денсаулығына сол әйел адамның дәл өзіндей жауапты. Әйелдер жағы (ерлер де) өз денсаулығын күтуге, үздіксіз спортпен айналысып шынығуға, уақтылы дәрігерге көрінуге, сөйтіп аурудың алдын алуға, ал мемлекет сапалы да экологиялық таза тағам мен сусындармен, спорт нысандарымен, дәрігерлік тексеру, емдеу іс-шараларымен қамтамасыз етуге міндетті, соның нәтижесінде екі жақ бірлесе отырып денсаулығы мықты анадан дені сау баланың өмірге келуін қамтамасыз етуге жауапты. Сонымен қатар тиісті заңдарға отбасының табысы негізінен ер адамның табысынан тұратын етіп өзгерістер енгіземіз.

Одан бөлек әр баланың басына берілетін 100 доллар жәрдемақы елімізде көп балалықтың құрт дамуына жағдай жасайды. Қаржының бір бөлігі балаларды 5 сыныптан бастап-ақ олар өздері егіп-күтіп, баптайтын жеміс ағаштары мен көкөніс, баубақшасы, бағып-қағатын малы, жасайтын қолөнері болуы арқылы еңбекқор болуға жұмсалады, балалар артық өнімді сатып ақша таба алады. Аяушылықты білмейтін қатыгез нарық заманында біз оларды осылай жасынан бәсекеге қабылеттілікке, кәсіпкерлікке баулитын боламыз. Батыстағы миллионерлердің бәрі бала күнінде газет сататынын ұмытпауымыз керек...

Әйелдер «біз сонда төрт қабырғаға қамалып отырады екенбіз ғой» демес үшін, біз оны да ретке келтіреміз. **Біріншіден**, техниканың дамыған заманында әйелдерге үйіне жақын маңайда жұмыс істеуге мүмкіндік көп. Екіншіден, олар өздерінің табиғатына жақын іспен айналысуға жағдай жасаймыз. Бала туу елімізде құрт көбейсе, балабақшалар көптеп ашылады. Олар қазірдің өзінде жетіспейді. Көптеп ашылған балабақшаларға мейірбике керек пе? Керек! Психолог-педагог керек пе? Керек! Дене тәрбиешісі, музыка пәнінің, әдебиет, сурет пен қолөнер пәнінің мұғалім керек пе? Керек!

**Екіншіден**, мектепте әр мұғалімнің толық айлығы (ставкасы) аптасына 18 сағат емес, 9 сағатқа түсіріледі. Және әр сыныпта 12 оқушыдан аспайтын болады. Яғни, біз ер мұғалімдер үлесін 70-80пайызға жеткізген кезде де әйел ұстазға қажеттік кемімейді.

**Үшіншіден, ең бастысы да осы**, әйелдің бойындағы талантты, дарынды, өнерді сыртқа шығаруына, жалпы, әр әйелдің бұл өмірде маман ретінде де өз орнын табуына көпбалалық тек қана көмектеседі, ешқандай кедергі келтірмейді! Себебі, тете бала бірін бірі тәрбиелейді, тату, бауырмал болып өседі, бірінің кигенін келесі жылы кішісі киеді. Әр әйел 18-20-дан 35-ке дейін әрқайсысы 7-8 баланы өмірге алып келуіне әбден болады. (Жалпы, дені сау әйел кемі 45-ке дейін көтере береді, бірақ, 45 тұрмақ, 40 жасқа дейін туатын әйел елде емге табыла қоймас. Ал, ұлы адамдардың көбісі баланың кенжесі болып келеді, бұл жасқа қарай әйелдің денесі пісіп-жетіледі, еркектің ақыл-ойы толысады. Оны ескеріп жатқан бүгінде кім бар...) Бала 10 жастан асқан соң-ақ ата-анасының көмекшісіне айналады. Демек, әйелдердің 35 жас (оған дейін мүлде жұмыс істемеген күннің өзінде, ал, нақты өмірде олай болмайды) пен 55 жас арасында, зейнетке шыққанға дейін қызмет істеп, өзін көрсетуі үшін табаны күректей жиырма жыл уақыты бар. Аз емес шығар... Мен үшін бүгінгі әйел үлгісі – Сұлушаш атты құдағи келініміз 6 баланы туды, 33 жасқа келді, мамандығы бойынша математика пәнінен мектепте сабақ беріп жүр. «Жетіншіні туып, «Алтын алқа» тағу да жоспарда бар» дейді...

**Өмірзақ АҚЖІГІТ**



■ JYR-SHASHÝ

## КӨКТЕМГЕ СӘЛЕМ

*Армысың, жарықтық көктем!*
*Самалын аңсап сәуірдің зарықтық көптен.*
*Көктемнің исі аңқиды бозала таңда,*
*Жауады жаңбыр даланы қарық қып көктен.*

*Күн ғой бүгін киелі Ұлыстың ұлы,*
*Шыңдардың ұшын жібітті шығыстың нұры.*
*Қонақтар келсін, барайық қонаққа біз де,*
*Жолыға берсін Қыдыр боп қырықтың бірі.*

*Жаңа жыл екен, Наурызым – жаңа күн екен,*
*Қарсы алып жатыр ел аман, қазағым есен.*
*Сенесіздер ме, даланы сүйетіндіктен,*
*Сағыныш жасы көзімнен тамады десем.*

*Жанады десем жүрегім ән естілгенде,*
*Жауласып көрген жерім жоқ әлі ешкіммен де.*
*Ағалар басқа, бұл күнде інілер – жаңа,*
*Біз көрген бала күндердің бәрі ескірген бе.*

*Бастасын бізді жаңа күн асқақ арманға,*
*Жаратушыдан бақ тіле, аспа жалғанда.*
*Адал жандардың арқасы осының бәрі,*
*Бас иіп тағзым етейік жақсы адамдарға!*

**Қайырбек ШАҒЫР**

# ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ құтты болсын!

***Міне, Ұлыстың ұлы күні, береке мен бірліктің бастауы, Жыл басы – Наурыз мейрамы да келіп қалыпты. Жақсылықтың жарқын мерекесі – Наурыз тойында шын көңіл, ақ ниетпен елімізге бақ-береке, әр шаңыраққа қуаныш тілейміз. Ұлыс оң, ақ мол болсын!***
***Наурыз – жаңару мен жаңа істің, ырыс пен ынтымақтың алтын арқауы.***
***Дастарханға ақ толатын, елге бақ қонатын, арайлы шақты халқымыз – ұлыстың ұлы күні деп бекер атамаған.***
***Күллі шығыс жұртына ортақ мереке – Наурыздың тарихы тым тереңде жатыр. Күн мен түн теңелетін, ырысы мол мереке жанымызды шуаққа бөлейді.***

Наурыз – Қазан төңкерісіне дейін қолданылып келген қазақ күнтізбесіндегі азаматтық жылдың бірінші айы. Бұл атау бізге ежелгі парсы тілінен келіпті. Алайда ол парсыша ай аты емес, айдың бірінші күні ғана. Байырғы қазақ күнтізбесі бойынша, наурыз күні күн мен түн теңеседі. Бұл – жазғытұрғы теңесу. Осы кезде басталатын ай, григорян күнтізбесі бойынша, наурыздың 22-сі мен сәуірдің 20-сы аралығы «Наурыз айы» деп аталған.

Ал байырғы қазақ күнтізбесі бойынша, наурызда отыз күн болған екен. Оның алғашқы күнін Жаңа жылдың басы деп біліп, «Ұлыстың ұлы күні» деп атаған. Бұл күні жер бусанып, жаңарып, қозы-лақ жамырасып, мал төлдейді. Жер-Ананың төсі иіп, ақ мол болады, кәрі-жас құшақтасып көрісіп, бір-біріне ақ ниетпен ақ тілеуін, арман, пейілін білдіріп, наурыз жырын айтатын болған. Жеті түрлі тағам қосып «Наурыз көже» жасаған. Ән шырқап, балуан күрестірген. Топ-топ болып ауылдан-ауылға қыдырып, наурыз көже ішкен.

Бір жақсысы, бүгінде бүкіл Қазақ елінде Наурыз мерекесін тойлау бір ізге әбден түсті деуге негіз бар. Ұлыстың ұлы күні жер-жерде тәрбиелік мәні орасан ұлттық мүддеге негізделген түрлі іс-шаралармен басталады. Мысалы, «Бұлақ көрсең – көзін аш» атты дәстүрлі бұлақтардың көзін ашу рәсімі атқарылады. Оған ұлттық киім киінген облыс әкімінен бастап ресми қонақтар, ақсақалдар мен зиялы қауым өкілдері қатысады. Мұндай салт «Ұлыстың ұлы күні көңіл ақ болсын!» деген наурыздық тілектерге жалғасады. Саябақтарда қатар-қатар киіз үйлер тігіліп, Наурыз ауылдары бой көтереді. Тұс-тұсқа қазан қойылып, жиналған қауымға Наурыз тағамдары – бауырсақ, наурызкөже, қазақша ет, басқа да ұлттық тағамдар таратылады.

Дала сахналарында мерекелік концерттер қойылып, «Наурыз айтысы» өткізіледі. Бұлар «Қасиетті халық тойы – Нұрлы Наурыз» атты театрландырылған көріністер қанат жаяды. «Табиғаттың оянуы», «Аластау рәсімі», «Көшкеруен» көрінісі, «Салт-дәстүр» көрінісі, «Қызғалдақтар» биі, «Шашу», сәбиді бесікке салу, бүлдіршіндердің тұсауын кесу сияқты қойылымдар көрсетіледі.

Аймақ басшысының тұрғындарды мерекелік құттықтауы тыңдалады.

Әрине, мерекелік бағдарлама жер-жерде бірдей болуы шарт емес, онда мәселен, ұйымдастырушылардың еркі бойынша «Наурыз аруы» байқауының жеңімпаз аруларын марапаттау рәсімін өткізуі немесе «Көктем мерекесінің жарық жұлдыздары» атты жастарға арналған кешкі дискобағдарлама өткізілуі мүмкін.

Наурызда бұлақтың көзін ашумен қатар, көбінесе, ағаш еккен. «Наурызтал отырғызу» рәсімі атқарылған. Және мейрам мүмкіндігіне қарай түрлі ұлттық спорт ойындарына, қазақша күрес, армрестлинг, кір тасын көтеру, арқантартыс, тоғызқұмалақ ойындары, түйепалуан, т.б. жарыстарға ұласқан.

Ұлыстың ұлы күніндегі кең тараған шарт – алыс кеткен ағайын қауышқан, араз жандар татуласқан. Бұл күн – кешірім мен мейірімге, үміт пен сенімге толы ерекше күн деп есептеледі.

Кездесіп қалғанда, бір-біріне «Амансысыз, армысыз. Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын, ұлыс береке берсін, бәле-жала жерге енсін!» деп, өзара реніштерін ұмытып, кешіретін болған.

Аузынан Алласы түспеген қазақ халқының Наурыз күні бір-бірін кешіруінде үлкен мән бар. Өйткені қасиетті өсиеттерде былай делінген: «Егер өздеріңе күнә жасағандарды кешірсеңдер, онда көктегі Әкелерің сендерді де кешіреді. Ал егер басқалардың күнәларын кешірмесеңдер,



онда көктегі Әкелерің сендердің де күнәларыңды кешірмейді».

«Сен көктегі мекеніңнен құлақ сала гөр. Оларға кешірім беріп, әрқайсысына өзінің ой-ниеті мен істеріне қарай жауабыңды бере гөр. Адам жүрегінде не бар екенін Сен ғана жақсы білесің ғой. Өзің осы елді ата-бабаларымызға сыйлаған едің. Ендеше меншікті халқың бұл жерде тұрған барлық уақытта Сені терең қастерлеп, тура жолыңмен жүретін болсын!». «Алдамшы құмарлықтарыңмен өмірлеріңді құртып келген ескі күнәкар болмыстарың мен бұған дейінгі өмір салттарыңды енді тастаңдар! Рухтарың мен ақыл-ойларың түгелдей жаңарсын; осылай Құдайға рухани жағынан ұқсас жаратылған жаңа, шынымен әділетті де қасиетті адам болып өмір сүріңдер!».

«...Құдайға бұрынғыдай тек заңның баптары бойынша емес, Киелі Рухтың жетелеуімен жаңаша қызмет етеміз». (Киелі кітап)...

Иә, Наурыз – жаңару дедік. Онда адам баласы да жаңа жылмен бірге жаңарып, өзгеше өмір сүруі тиіс. Ол қандай жаңару? Сырт келбетін өзгертіп, жаңа киім кию ме? Жоқ!

Наурыздағы жаңару – ішкі дүниеңнің өзгеріп, кешірім алып, күнәсіз, таза өмір сүру. Тек сонда Құдай адамға көз қырын салып, пенденің арман-тілегі орындалмақ. «Жаратқан ие мынаны айтады: «Аспан – Менің тағым, ал жер – табан тіренішім секілді. Сонда сендер маған арнап қандай үй сала алар едіңдер? Тыныққып демалатын орным қай жер болмақ?! Осы әлем түгелдей Менің қолымнан шығып, пайда болды емес пе? Ал Мен көз қырымды салатындар: күнәларына шын жүректен өкініп, сөзімді терең қастерлеп, іске асыратындар»...

Ендеше, жаңа жылда жаңаша өмір сүріп, ақ батаға кенелейік, ағайын!

Наурыз сәтінде өткен жылы атқарған жұмысымызды саралап, келешекке жоспар құрамыз. Тәуелсіз еліміздің өркендеп, өсуі жолында жаңа бастамаларға негіз қалаймыз.

Биыл, қарап отырсақ, Ел тәуелсіздігінің 29-шы жылын атап өтеміз. Ендеше айбыны асқақ, Көк туы көкте желбіреген Қазақ елінің болашағы жарқын, бақыты баянды болсын деп тілейік.

Рас, халқымыз дәл осынау кезеңдерде түрлі ауыртпалықтарды өткеріп жатқаны жасырын емес. Мысалы, төл теңгеміздің бағамы түсіп, доллар құнының артуы секілді жәйттер жұртты бірталай алаңдататыны түсінікті.

Дегенмен, мұндай экономикалық ауыртпалықтарды өзге елдер де бастан өткермей отырған жоқ. Қазір жалпы әлем тынышсыз күйде. Төрткүл дүниенің кей тұстарында алапат соғыс өрттері тұтанып, күйзеліске түскен өңірлер бар. Құдайға шүкір, біздің еліміз ондай зұлматтан ада. Береке мен бірлікті ту еткен ағайындарымыздың сәулетті болашаққа деген үлкен үміт, асқақ арманы алға жетелейді. «Отан – елдің анасы, ел – ердің анасы» деген қанатты сөзде үлкен мағына бар. Отанға деген шексіз сүйіспеншілік – мемлекеттік сананы орнықтырады. Елдік рухы мықты халықтың келешегі кемел болары сөзсіз.

Кейбір уақытша қиындықтарға қарамастан, байтақ еліміздің түкпір-түкпірінде жекелеген өндіріс, жаңа жұмыс орындары ашылып, тұрғындар жұмыспен қамтылып жатқан жағдайлар аз емес. Көлемді инвестициялар тартылып, жолдар жөнделіп, көрікті, сәулетті ғимараттар бой көтеруде. Елдің бірлігі мен берекесінің арқасында арайлы таңдар да жетіп, үлкен табысқа жетеміз деген тілек мол...

Ұлыстың ұлы күні мерекесіне оралсақ, қазіргі уақытта жаңаша сипатқа ие болған Наурыз – достық пен еркіндіктің де мерекесі.

Олай болса, Наурыз құтты болсын! Төрт түлік сүтті болсын. Асқа толсын қазаның, кең пейілді қазағым! Еңбегің жемісті болсын, жан-дүниең жаңарсын, көңілің сүттей ағарсын! Бір Құдай жар болсын, бойыңда ар болсын. Жаңа жыл ұлысты болсын, Еліміз ырысты болсын!

Наурызда айтылған барлық тілек қабыл болады деген наным бар. Ендеше, Тәуелсіздігіміздің тұғыры берік болып, еліміздің қуаты арта берсін дегіміз келеді.

*«Қазақ үні» газеті.*

**Еліміздің Бұқаралық ақпарат құралдары саласының дамуына айрықша үлес қосып келе жатқан қазақ үнжарияларының бірі – «Астана ақшамы» десек қателеспеспіз. Газеттің әрбір саны бас қаламыз Нұр-Сұлтанның тыныс-тіршілігімен біте қайнасып жатыр. Отыз жылдық тарихы бар басылым бүгінде Елордамыздың шежіресіне айналғандай. Атаулы мерейтойы аясында бас қаланың басты басылымы туралы мақаланы оқырман назарына ұсынуды жөн көрдік.**



# «АСТАНА АҚШАМЫ» ОТЫЗ ЖАСТА




Ақпарат айдынына «Ақмола ақиқаты» атауымен қанат қаққан басылымның алғашқы саны 1990 жылдың қазанында жарық көріпті. Бастапқыда аптасына бір рет шығып тұрған газет қазіргі таңда жұмасына үш рет оқырманға жол тартады.

Орда бұзар жасқа жетіп отырған басылым тігінділерін ақтарсаңыз, оның қалыптасу кезеңдерін, осы жылдар ішіндегі қаланың тыныс-тіршілігін, өзекті мәселелерін, сол уақытта шаһар тұрғындарын не толғандырғанын бағамдап, әр жылдардағы газет қызметкерлерімен, авторларымен танысуға болады. Яғни өткен ғасырдың аяғындағы Целиноградтың, кейіннен байырғы атауы қайтарылған Ақмола мен елдің бас ордасы Астананың, қазіргі Нұр-Сұлтан шаһарының тынысы «Астана ақшамының» беттерінде сайрап тұр.

Бүгінде бас қаланың бас басылымы елордада орын алып жатқан оқиғалар мен қаланың тыныс-тіршілігін, мұндағы тың бастамалар туралы ақжолтай ақпараттарды ресми дереккөздерге сүйене отырып, оқырманға дер кезінде жеткізеді. Газетте еліміздің саяси-қоғамдық, әлеуметтік-экономикалық, мәдениет және руханият, өнер, спорт сияқты және басқа да барлық салалардағы жаңалықтар қамтылады.

«Астана ақшамы», негізінен, Нұр-Сұлтан қаласында болып жатқан оқиғаларды баяндағанмен, газет беттерінде республиканың өзге де өңірлерінің жаңалықтары тысқары қалмайды. Өзекті саналатын жаһан жаңалықтары да жарияланып тұрады. Сонымен қатар медицина, заң, қала тіршілігі, кәсіпкерлік және өнеркәсіп сынды сан түрлі саланы қамтитын сараптамалық материалдар да басылымның әр санынан көрініс табады. Ұлттық тұрғыдағы мәселелер де ұдайы басылады.

Салмақты сарапшылар мен Мемлекет және қоғам қайраткерлері сияқты көрнекті және лауазымды тұлғалармен жүргізілген сұхбаттар да ұсынылады. Сондай-ақ зиялы қауым өкілдері мен тұрақты авторлардың дін мен дәстүр, тағылымды тарих және қоғамдағы өзге де өзекті мәселелер туралы ой-пікірлері танымдық материал ретінде оқырманға жол тартады. Сол сияқты «Оқырманнан он сұрақ», «Әлеумет сауалы», «Алло, «Астана ақшамы!» сияқты айдарлар жүргізіліп, оқырманмен кері байланыс та орнатылады.

Жалпы, «Астана ақшамы» газетінің бас қалада өзіндік ықпалы жоғары деп айтуға болады. «Сын түзелмей, мін түзелмейді» дегендей, басылымда жарық көрген сыни материалдар арқылы қаладағы кейбір түйткілдің түйіні тарқатылып жатады. Осыған дейін газет көтерген мәселе аз емес. Мысалы, «Қала мен сала», «Қала тіршілігі» сияқты айдарлар бойынша көптің көкейінде жүрген шаһардың кейбір көшесіндегі шұрқ-тесік жол, қоқыс толы жәшік, беті ашық жатқан кәріз құдығының мәселесі туралы ақпарат басылым арқылы құзырлы органдарға жеткізіліп, жауапты мамандар осы түйткілдер бойынша көп кешіктірмей тиісті шара қолданып, қалпына келтіру жұмыстарын жүргізеді. Егер көтерілген мәселе бойынша тиісті жұмыс жүргізілмесе, қаламды қару еткен тегеурінді тілшілер осы сұрақтарды жауапты мекеме басшылығына ресми сауал ретінде жолдап, сол мәселеге қайта айналып соғуды дәстүрге айналдырған.

Айта кетсек, газеттің үнемі көтеріп жүрген мәселелері – шаһардың шеткі аймақтарының жағдайы, реновация, апатты және ескі үйлердің тұрғындарын жаңа баспанаға көшіру, сақалды құрылыс, үлескерлер мәселесі, саяжайларды сүру, қаланы көгалдандыру, абаттандыру, тазалық, қаланы түтіннен қорғау, газификация, көшелердегі иесіз итмысықтарды аулау және т.б. Тілшілер осы тақырыптардың әрқайсысына талай мәрте тоқталды. Әлбетте, бұл тақырыптар әлі де күн тәртібінен түскен жоқ.

Мало того, как только кремлёвским властям стало известно о том, что в составе Казахской АССР дружно как единый народ сосуществуют киргизы (кара-киргизы) и каракалпаки, к концу 1924 г. киргизы были немедленно выделены в отдельную автономию со включением её в состав РСФСР, а каракалпаки – в отдельную автономную область в составе КазАССР, но в 1930 г. она также была передана в состав РСФСР, откуда в 1936 г. – в состав Узбекской ССР. Татарская и Башкирская АССР были территориально отдалены от Казахской Республики посредством передачи Оренбургской области под юрисдикцию РСФСР в 1924 г. и постепенным расширением её площади за счёт казахской территории в 1925 и 1929 гг. Вот что писал неизвестный автор за подписью Н.Ч. в своем материале «Автономія Казакыстана», опубликованном в газете «Оренбургскій казачій въстникъ» следом за образованием Автономии Алаш: «Киргизы дълятся на кайсаковъ и кара-киргизъ, но названіе «Алашъ» объединяетъ ихъ въ одну націю (на подобіе нашего «Святая Русь»).

Слово это означаетъ ещё воинственный и священный призывъ всъхъ киргизъ къ защитъ, заменяя трубный звукъ».

Тот же М. Шокай, по поводу нового названия Автономии Алаш после её преобразования в августе 1920 г. в советскую, отметил следующее: «Алаш» - понятие более широкое по сравнению с «Казакстаном и обнимает собою как самих киргиз-казаков, так и родственный им народ кара-киргизов, «Казакстан», как понятие более узкое, ограничивающееся исключительно киргиз-казаками, в понимании самих киргиз (казахов) всегда имел оттенок некоторого узкого национализма и шовинизма». В действительности же, если исходить из достоверных архивных материалов 1917-1940 гг., в основе идеи «Алаш» лежал глубоко скрытый замысел возрождения тюрко-мусульманской империи Джучи хана, послужившей затем основой Золотой Орды.

В условиях гражданской войны 1918-1920 гг. и укрепления Советской власти в национальных республиках в 1920-1924 гг., а также за рубежом в 1920-1940 гг. (М. Шокай) эта идея существовала в различных интерпретациях, но не меняя своей сути, свой стержень, как, например, «Автономия Алаш», «Мусульманская федерация (или штаты) Восточной России», «Единое Казахско-Башкирско-Туркестанское государство» до Советской власти, «Среднеазиатская федерация» при Советах и «Великого Туркестана» Мустафы Шокая в эмиграции в Европе.

Если бы лидерам Автономии Алаш при преобразовании её в советскую республику удалось отстоять её прежнее название, то она естественным образом сохранила бы до сегодняшнего дня свои консолидирующую идеологию, привлекательность и потенциал. Однако, как убедились выше, этому грандиозному замыслу стал преградой, сам того не осознавая, бывший мелкий чиновник особых поручений Тургайского военного губернатора Мухамедьяр Тунганчин при поддержке вождей Советской власти.

### ДЕЛО ТУНГАЧИНА ПЕРЕДАНО ВЧК

Ещё одна малоизвестная из «исторических» заслуг М.Тунгачина в образе первых казахских коммунистов-большевиков – это его попытка сформировать первое казахское национальное добровольческое войско Красной армии.

Только 24 октября 1919 г. командующий Туркестанским фронтом издал приказ о формировании одного шестиэскадронного киргизского образцового конного полка исключительно из казахов и добровольцев. Он был направлен военкому отдела формирования воинских казахских частей частей М. Тунгачину. Но М. Тунгачин, перехватив инициативу у А. Джангильдина, своего протеже, приступил к формированию первого... казахско-советского образцового конного полка ещё раньше – в июле-августе 1919 г. Чем эта попытка обернулась, подробно расписал тот же сотрудник Особого отдела XI-й армии Туркфронта: «Воспользовавшись этим (отсутствием А. Джангильдина. – С.А.) и заимствовав идею формирования киргизских войск от Джангильдина, Тунгачин, будучи властолюбивым, добивается, что формирование киргизских войск переходит в его руки. В августе месяце он с приглашенным им на должность военного руководителя Давыдовым выезжает в Ханскую Ставку. Здесь созывается областной киргизский съезд, на котором принимается резолюция о формировании коннаго киргизскаго образцоваго добровольческаго полка. Отсюда Тунгачин посылает в Центр заведомо ложные преувеличенные сведения о произведённых им работах в самых различных их видах, надеясь на этом поднять ещё более свой авторитет в Центре, заслужить полное доверие, что ему, кажется, и удаётся. Возложив подготовительную работу по формированию на военрука Давыдова, Тунгачин возвращается в Москву...

Во главе киргизскаго полка Тунгачиным ставится Михаил Кулебякин, бывший кавалерийский офицер старой армии, бежавший из эшелона Джангильдина и разыскиваемый им. Впоследствии он проворовался и был арестован в Козлове. Место комполка после Кулебякина занял бывший в то время на свободе и впоследствии арестованный Петржкевич. Заместителем комполка за Петржкевичем остаётся Чуреев, человек с определённой белогвардейской окраской, арестованный Особым Отделом за организацию контрреволюционного заговора в Ханской Ставке. Перед арестом последнего командиром полка назначается бывший жандармский ротмистр при генерал-губернаторе Вилламов, скрывшийся из Ханской Ставки с полумиллионной суммой денег. Вот что представлял собой верх командного состава I-го Киргизскаго образцоваго Советскаго полка...

Для полнаго расследования действий Тунгачина считаю необходимым дело вместо с арестованными, могущими фигурировать в качестве свидетелей по данному делу, направить в распоряжение Всероссийской Чрезвычайной Комиссии для дальнейшего расследования и заключения.

Начальник А...наго Отделения Особого отдела XI-й армии Туркфронта: 29 августа 1919 года» (подпись не разборчиво).

Если дело Тунгачина передано ВЧК, то его дальнейшая судьба, думается, общеизвестна.



**Султан Хан АККУЛЫ**

**12-летний Бауыржан ТУТКАБАЙ сочиняет музыку, которая многим кажется слишком сложной, но зато мировые эксперты оценивают её очень высоко. Издание time.kz решило встретиться и поговорить с юным композитором. На первом международном конкурсе композиторов New Music Generation, который проходил в Нур-Султане в ноябре, Бауыржан Туткабай представил свое фортепианное произведение «Галактический рисунок» и завоевал Гран-при в возрастной группе до 15 лет. Его среди 115 других участников из 24 стран выделило жюри в составе известных композиторов, дирижеров, педагогов из Франции, России, Греции, Украины, Белоруссии и Казахстана.**



# СВЕРСТНИКИ МЕНЯ ЧАСТО НЕ ПОНИМАЮТ...

Он с улыбкой признается, что в глубине души надеялся на победу, ведь его «Галактический рисунок», написанный в 10 лет, ранее уже прошел боевое крещение на международных композиторских конкурсах в США и Италии. Американцы после фестиваля-конкурса, посвященного известному современному авангардному композитору Джорджу КРАМБУ, прислали Туткабаю похвальный лист, где сказано: «Самому юному участнику и выдающемуся таланту в композиции». А в Италии он получил диплом за четвертое место на международном конкурсе молодых композиторов Sitta di Barletta.

- На всех этих конкурсах серьезные европейские композиторы оценивали какие-то открытия, новые мысли в музыкальном языке и композиторскую технику участников, – очень серьезно рассказывает Бауыржан, демонстрируя свои трофеи.

**- А какое-нибудь материальное подкрепление победы было?** – решила я разрядить важность момента.

- Ну на зарубежных конкурсах ничего такого не было, а вот в Нур-Султане давали 100 тысяч тенге за Гран-при. И так как я разделил его с еще одним участником – 15-летним китайцем из Америки, то мне полагалось 50 тысяч.

**- И на что же ты их потратил?**

- Даже не знаю. Папа как снял эти деньги в банкомате, так они у него и остались. У нас тогда, кажется, как раз денег не было, – улыбается мальчишка.

Как оказалось, тема денег – это вообще не про Бауыржана. Минувшим летом известный в Алматы музыкант-ударник Юрий ЛЕОНОВ организовал в парке 28 гвардейцев-панфиловцев концерт, посвященный Виктору ЦОЮ и группе «Кино». Бауыржан Туткабай был самым юным участником среди выступавших на этом мероприятии. Он исполнил знаменитую «Время есть, а денег нет...» так, что все ахнули.

- Потом один из музыкантов позвонил и позвал вместе выступать – петь Цоя в ресторанах, клубах и на корпоративах. Он сказал, что круто смотрится, когда ребенок так проникновенно и профессионально исполняет песни Цоя. Но я подумал, посоветовался с папой и отказался. Это же бизнес у них такой, и выступают они ради денег. А я хочу по-другому...

**- Это как?**

- Одноклассники из музыкальной школы меня тоже не понимают. У многих цель жизни – работа, чтобы потом получать хорошие деньги. И все. А я еще не задумывался о зарплате, мои желания и цели идут дальше. Точно я еще их не могу сформулировать, но чувствую, что хочу найти какой-то внутренний свет с помощью своей музыки, – пытается объяснить свою позицию Бауыржан.

И действительно, как прикажете понимать его, когда, играя знаменитое классическое произведение на фортепиано в легендарной музыкальной школе имени Куляш Байсеитовой, он вдруг переходит на импровизацию и не может остановиться?

- Какая-то сила заставляет меня играть что-то свое, то, что ко мне приходит непонятно откуда. Это какая-то мысль, которая неожиданно возникает в голове. Я перекладываю эту мысль на музыку. Со временем набралось много обрывочного из таких импровизаций, и было непонятно, что с этим делать... И вот однажды папа рассказал мне про Галактику, про строение космоса, и меня особенно поразила черная дыра. Мне даже сны стали сниться какие-то космические, загадочные. После этого я объединил написанную до этого музыку в одно произведение, а в середине моего сочинения как раз и оказался образ той самой черной дыры – тягучий и загадочный. Потом пришло и название «Галактический рисунок». Я посоветовался с мамой, и она одобрила его, сказала: «Это красиво!»

Точно так же неожиданно сложилось в целое и увидело свет еще одно произведение Бауыржана.

- Как-то папа поехал по работе в Бишкек и взял меня с собой, по¬обещав показать красивую природу Кордайского перевала, – вспоминает юный композитор. – Когда мы поднялись на холм, то я увидел настолько живописный вид, что сразу вспомнил черновую музыку, которая давно записана на моем диктофоне. Я включил ее и вдруг понял: это произведение называется «На холме»!.. Сочинять для меня нетрудно. Моя музыка – это какие-то вибрации, которые я ощущаю в определенный момент.

Например, фортепианную пьесу «Мудрец» Бауыржан написал, когда впечатлился рассуждениями и наставлениями знаменитого индийского йога и мистика Садхгуру.

- Просто заинтересовался его словами в одном из роликов и потом стал много слушать их в YouTube, – говорит Бауыржан.

А под мистическую музыку его произведения «Рассвет» хорошо медитировать. Сам автор говорит, что его написанию предшествовали мысли о добре и зле, о свете и тьме.

- Когда я послал папе это сочинение, он был в командировке в Санкт-Петербурге, и ему некогда было слушать. Он просто переслал его своему другу, дяде Вите, и тот написал в ответ: «Мастерское произведение!»

Дядей Витей Бауыржан называет Виктора ЯМПОЛЬСКОГО – известного российского пианиста, руководителя «Трио имени Рахманинова». Начинающий композитор говорит, что совсем не думал о мастерстве, когда писал свое произведение. Но вышло так, как вышло, и слова известного музыканта, конечно же, окрылили его.

- А вот сверстники, одноклассники меня часто не понимают. Когда я сыграл в школе свой «Галактический рисунок», а потом и другие произведения, то не услышал в ответ ни одного слова – ни хорошего, ни плохого. Наверное, я другой, и они тоже другие...

Зато у Бауыржана есть много тем для разговоров со взрослыми – друзьями отца и мамы. Ему с ними легко, потому что не приходится подстраиваться.

- Люблю рассуждать о патриотизме с дядей Бердалы, он культуролог. Дядя Коля-травник знает много чудесного. Но больше всего мне нравится общаться с тетей Нагимой, она ясновидящая – лечит людей, видит и предсказывает будущее. Знаю, что кто-то думает о таких людях как о сумасшедших. А я вижу в ней родственную душу. Когда мы общаемся, то у меня какой-то прилив энергии происходит и мне хочется сочинять музыку. А еще я умею разговаривать с деревьями, – рассказывает Бауыржан.

**- Ничего себе!**

- У вас тоже получится. Попробуйте секунд пятнадцать неотрывно смотреть на дерево, и оно вам ответит. Думайте о том, какое оно красивое, и почувствуете в ответ теплую, позитивную энергию. Сначала так. А потом начнете чувствовать характер каждого дерева...

**- А бывает, что кто-то сомневается в твоем таланте: может, думают, что все композиторские успехи – заслуга отца или мамы?**

- У меня есть четыре старшие сестры, и никто из них вообще не занимается музыкой. Не принуждали, не заинтересовывали особо и меня. Просто, когда мне был где-то год и я только начал ходить, везде волочил за собой по дому домбру, ее звуки мне нравились. Когда подрос, просил ажеку показать, как надо играть на пианино, и все получилось само собой.

Ажека Бауыржана – пианистка Гульгаухар АМАНЖОЛОВА, папа – известный композитор и музыковед Бахтияр АМАНЖОЛ, а мама – композитор, художник и музыкант Гульжан АМАНЖОЛ. Есть в этом для Бауыржана, как он сам считает, и плюсы, и минусы.

- На новый, 2019 год я попросил у родителей гитару. И когда стал проводить с ней много времени, увлекся лирикой Цоя, ажека не выдержала. Посчитав, что я недостаточно занимаюсь на фортепиано, просто взяла и грохнула гитару об пол. Она треснула, а я дня два проплакал. Но потом мы заклеили гитарный шрам, и звук все равно остался нормальный. На аже я не обиделся. Ей 93 года, у нее все-таки нервы. А потом, когда я сочинил гитарное произведение «Река» про времена года или, можно сказать, про времена жизни, она меня даже похвалила.

Скромно умалчивает Бауыржан, что родители гордятся, когда его приглашают участвовать в концертах молодых композиторов Казахстана в алматинскую консерваторию. И было это уже несколько раз. А еще льстит молодому композитору тот факт, что его отец и сам уже использует произведения сына. Фортепианное сочинение Бауыржана «Ботакан» Бахтияр Аманжол переложил для камерного оркестра, жетыгена и кыл-кобыза. И в этой аранжировке оно будет вскоре издано.

- Правда, стоять там будет фамилия отца. Но напишут также, что тема моя, – застенчиво опускает глаза Бауыржан. – Вообще я сам предложил эту идею отцу, ведь еще не умею делать так, как он. И музыка получилась красивая. Когда я ее писал, представлял красочный пейзаж, солнечное жайлау.



**- А что-то кроме музыки тебя интересует?**

- Недавно на уроке алгебры учительница вдруг сказала: «Учите математику, ведь музыка – это далеко не вся жизнь, а лишь ее частичка». Я не мог согласиться, поднял руку и сказал: «Музыка – это все!» Она не хотела меня слышать и продолжала говорить, что самое главное в учебе – это общеобразовательные предметы. Я опять поднял руку и громче сказал: «Музыка – это все!» Повторил это три или четыре раза. Но класс стал поддерживать учительницу. И она выгнала меня с урока. Мне было обидно, – я чувствовал, что это ложь в адрес чего-то большого и важного, и потому не мог молчать. Когда вахтерша спросила: «Почему тебя выгнали?» – я все ей рассказал, а она посоветовала: «Иди попроси прощения». Но почему я должен извиняться, если честно сказал то, что думаю?!

**Оксана ВАСИЛЕНКО**

№12 (882),
21.03.2020 – 30.03.2020 jyl
ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz

**– Жағдайыңыз қалай, жазушы? – деп сұрапты қаламгер бауырым Құлтөлеу Мұқаш. Осынау бір қарапайым сауалға жауап берудің қиындығын қолыма қалам алғанда бір-ақ білейін.**
**Жалпы, жазушыда жағдай бар ма еді өзі дейді бір ойым.**
**Жалпы, жазушы үшін жағдай дегеннің өзі не дейді тағы бір ойым.**
**Егер жағдайымыз көлік, баспана... т.б. мызғымайтын мүліктер десек, оның өзі жазушыға жазу жағдайын жасамайды. Қызмет, билік, т.б. десек ол да жағдай деп есептелмейді. Өйткені олар да жазушыны жазуға жетелемейді.**
**Сонда жазуға не жетелейді?**

# ЖАҒДАЙ ҚАЛАЙ, ЖАЗУШЫ?

## («Қазақ үні» газетінің сауалына жауап)



2005-ші жылы ай сайын бір кітаптан жазып отырдым. Бір жылда он екі кітап жазуыма тура келген екен. Оған дейін бір де бір кітап жазбаған едім. Сол он екі кітаптың барлығы да басқа біреулердің атынан жазылған-ды. Әрине, өзімнің негізгі жұмысым болды. Облыстық газеттердің білдей бір бөлім меңгерушісімін. Алайда, ол қызметім басқа тұрсын өзімді асырауға жарамады. Содан барып кітап жаздым. Өзгелердің... Күнкөрістік...

Мен өзімді, бала-шағамды елдің атынан кітап жазып асырадым. Ел кәдімгідей мені іздеп келетін болды. Мен де барған сайын кітаптың бағасын қымбаттатып жаттым. Оған тоқтаған ел бола қоймады.

Жазған кітабың сұранысқа ие болу үшін әманда жақсы жазуың керек. Ол үшін рөлге кіресің. Тапсырыс берушінің, әрине. Алматыға ай сайын барамын. «ҚазАқпарат» деген баспаға. Барған сайын кітап арқалап барамын.

Обалы нешік, аталмыш баспа кітабымды айға жеткізбей басып беретін болды. Баспаның бастығымен де, басқасымен де таныстық-білістігім жоқ болатын. Бір күні баспа президенті Қонысбек Ботбай бауырым жөн сұрасын.— Осының барлығын өзіңіз жазасыз ба? — деп.

Содан қызметке шақырсын. Аталмыш баспаның директорлығына. Жалақысы бұрынғы жұмысымның жалақысын он орайтын.

Міне, қызық, жаңа жұмысымда да ай сайын бір кітаптан жазатын болдым. Алматыда да астымда көлік болған жоқ. Басымда баспанам да болмады. Шамасы, онда да жағдайым болмаған-ау деп ойлаймын. Өйткені, мен шынымен жазу жазу үшін жағдай жасауға ұмтылсам керек.

Сол Алматыда істеген жылдарымда нән журналдардың барлығында әңгімелерім мен хикаяттарым басылып жатты. Бір ғана «Жұлдызда» қатарынан үш жыл бойы шығармаларым басылды. Ол тұста проза бөлімінің меңгерушісі Қалихан Ысқақ аға болатын. Ертеректе Оралхан Бөкей ағам «Қаламгерде» таныстырған еді. Ұмытыңқырап қалған екен. Алайда жаңа таныстығымыздың баяны болды.

— Не жөнінде жазып әкелдің? — десін Қалағам.

— Ит жөнінде... — деп міңгірледім-ау деймін.

Неге екенін қайдам, ағамыз кейістік танытты.

— Сенің Кәмел, Өмір ағаларың сол иттерді жазам деп картайды. Роман жазатын жігіттер еді...

Кәмел Жұністегі де, Өмір Кәріп те Шет ауданының қазақтары. Мен де сол Шеттікімін. Ағаларымды әдейі маған тигізіп тұр, әрине. Не керек, көп ұзамай әңгімем жарық көрді. Келер жылы тағы бардым.

— Ит жөнінде, — дедім тағы да.

Тағы да жарық көрді.

Үшінші жылында тағы барғам.

— Тағы да ит жөнінде ме? — деген ағамыз.

Мен басымды изегем. Ол кісі басын шайқады...

Қою күзде барғам. Содан жыл аяғына дейін әлгі әңгімемді іздей қоймағам. Жаңа жыл кіргеннен кейін қоңырау шалғам.

— Былтыр шығып кеткен, — деп телефон құлағын тастай салсын.

Жерге кірер тесік тапсам, кәне?!

Кейін тағы кездескенбіз. Жазушы бақыты жөнінде әңгіме өрбіттік.

— Сол бақыт сенде бар, — деп қойды ағамыз. — Сен қазаққа итбегі сөзін кіргіздің... Және қазақтың өз сөзі ретінде кіргіздің...

Әңгіме менің «Итбегі» деген әңгімем жөнінде еді. Мен оны аспаннан алғам жоқ. Қазақтың сөз жасамында бар. Мысалы, атбегі, құсбегі... деген сөздер.

— Одаққа өт, — деген ағам, — рекемондацияңды жазып берем, екіншісін не Кәмелге, не Өмірге жаздыртып аларсың...

Күлерсің бе, жыларсың ба сол рекемондациялармен бәрібір өте алмадым. Кей редакторлар кәдімгідей қоңырау шалып әңгіме сұрайтын. Сол кездегі «Түркістанның» бас редакторы Шәмші Пәттеев солай үш әңгімемді басты. Ол бауырым да екі туып, бір қалғаным емес еді.

Бір күні жазушы Жаңабек Шағатай қоңырау шалсын. Ол тұста «Түркістанда» бірінші орынбасар болып жұмыс істейтін.

— Келіп қыздардың көз жасын сүртіп кетіңіз... — десін.

Сөйтсем, менің Оралхан Бөкейге арналған «Айбөкен» деген әңгімем шығып жатыр екен. Корректор қыздар соны оқып жылаған ғой. Менің «Кератым» шақтер болып істеген әкемнің өмірінен алынған. Сол әңгімемді оқып әкей де көзіне жас алған-ды. Жазушы бақыты деген осы болар.

Қойшы, сонымен Алматыда жүрген бес жылда отыз-қырық кітап жаздым. Және қандай кітаптар? Сол кездегі бестселлер еді. Шежіре кітаптары, фольклорлық хикаяттар, халық ауыз әдебиетінің нұсқалары еді. Мәселен, Арқада Диқажы деген атақты ақын өткен. Бұлікшіл ақын еді. «Ғалияда», «Ая-Софияда» білім алған. Қолымда сол тұста түк болмағанымен екі жылда сол кісінің 400 беттік шығармалар жинағын бастырып шығардым. Суретін салдырдым. 2008 жылы ешкімнің көмегінсіз Шет ауданы ақындарының 600 беттік ақындар антологиясын шығардым. Бір қызығы, олардың барлығы да бақилық болғандар еді...

Соның барлығы баста болды дегенге сеніңіз. Заманында үш-төрт сағат бойы шежірені тоқтамай, ешқандай қағазға қарамай-ақ тарата беретінмін. Әпсана-аңыздарға да ағып тұратынбыз...

Мен шалдың баласы едім. Атамның тәрбиесін алдым. Қырық бесіме дейін ауылдан ұзамадым. Өмір бойы ескі әңгімелерді, әпсана-аңыздарды жиыстырдым. Соның барлығы мені жазушылыққа алып келді.

Мен бүгінде жиі жазам. Жылына он екі кітап бермесем де төрт-бес кітап берем. Мемлекеттік тапсырыспен бір-ақ кітап шығарасың. Қалғанын өз қаражатыңа шығаруға тура келеді. Бала-шағаңның аузынан жырып...

Менің бүгінде көлігім жоқ, баспанам да жоқ. Бірақ қолымдағы қаламым өзіммен бірге. Толстойдың мұжығы үш генералды асырайды. Аманжолдың Қасымы бір жақсы өлеңін шығару үшін жүз жаман өлең жазады...

Біздің басымызда да осы жайт бар.

Жөні-түзу бір кітап шығару үшін елдің екі-үш бестселлерін жазып береміз. Күні бүгінге дейін. Менің түсінігімде, жазушының екі санаты бар, біріншісі туа жазушылар, екіншісі жүре жазушылар. Біріншісінде Құдайдың өзі көкірегіне салған пәлсапасы бар, кейінгісінде жүре жинаған пайымы — философиясы бар...

Одаққа осылардың біріншісі мүше болу керек. Алайда екінші санатты да жоққа шығаруға болмайды.

Осы санаттың біріншісіне жазушы Сапарғали Ләмбековты жатқызар едім. Ол кісінің «Тәттімбет» деген романы бар. Одан берменде де Тәтекең туралы талай шығармалар дүниеге келді. Алайда олардың барлығы да Сапкең романының көлеңкесінде қалды. Енді ең қызығын айтайын. Сапкең керең адам болатын...

Арқаның бойлауық қосбасарлары туралы мен де аз жазбадым. Есімдері естілмеген біраз күйшілерді жарыққа шығардым. Қосбасарларды жіліктеп шықпасам да қосбасар табиғатын ашуға барынша бойлауға тырыстым. Сөйте тұра мен де қолыма домбыра ұстамаған адаммын. Қазір менің қолымда «Қосбасар» деген кітабым дайын тұр. Керек кітап па? Керек. Бірақ, нақ Қарағанды жайында оны шығару мүмкін емес деп білем. Кезінде Қарағандыда Тәттімбет ескерткішін ашайық деп өзеуредік. Одан тапқан пайдамыз ...қаладағы Құрманғазы ескерткішінен айырылып қалдық... Кім алды? Қалай алды? Жауап жоқ.

Керек, керек еместен шығады. 2013 жылы «Қазақтың көмескіленген этнографиясы» деген оқулық жаздым. Шамама қарамай оны «Пассивная этнография казахов» деп орысшаға тәржімаладым. Сонан жергілікті жерлердегі оқу орындарына барайын. Керек деді. Қажет деді. Жарайды деді. Жеме жемеге келгенде жалт бұрылды.

Мен жиырма жасымда «Жалынға» шықтым. Ол тұста екінің бірі бұл альманақта шыға алмайтын. Ел мені ақын келді деп жүрді. Ал мен болсам өзімді жазушылар санатына қосып қойған едім. Өйткені Оралхан Бөкеев ағам менің «Керат» деген әңгімемді оқып шыққанан кейін «осыдан кейін ештеңе жазбасаң да болады. Сенің атың қазақ тарихында қалды» деген-ді. Сол әңгімемді кезінде Оралхан ағаның өзі бастыра алмады. Сол шығармам араға жиырма жыл салып «Қазақ әдебиеті» ұйымдастырған бәйгеде бірінші орынды алып келді. Сол есіме түсіп кетті ме, балаларға арналған шығармалар конкурсына қатысайын. Бәйге қорытындысы шықты. Мен ештеңе іліКпедім. Кейін білсем, қазылар алқасының төрағасы танысым екен. Қоңырау шалайын.

— Алдын ала айтпадың ба? Конверті ашылмай қалған ғой...— деді.

Кейінде одаққа да өттім...

Мен ешкімнің жетегіне ермеген адаммын. Жетелей қоятын адамым да болмады. Алайда жөн сөздерін айтып, бата беріп, тілеулестіктерін айтқан ағаларым мен апаларым болды. Жайық Бектұров, Евней Бөкетов, Қалижан Бекқожин, Жүсіп Алтайбаев, Ісләм Жарылғапов, Оралхан Бөкеев, Фариза Оңғарсынова, Ақселеу Сейдімбек, Қалихан Ысқақ, Дидахмет Әшімхан...Бәрі де бүгін аруаққа айналыпты. Оқыған дұғама осы кісілердің есімдерін қосып отырамын...

Кешегі классиктерімізді тәрк еткен жайымыз бар. Бәрін қойып Абайға тіл тигізіп жатырмыз. Мына дүниенің Оразбайлары әлі қатарымызда екен...

Шыңғысхан кітапхананы өртеді деп айтты деп Шаханның Мұхтарын әйкәпір қылдық. Шыңғысханды қазақ қылды деп енді Мағауияның Мұхтарын да күстаналауға кірістік. Ал сол Мұхтардың Алтын Ордаңың мирасқері қазақ елі дегенін құлаққа ілгіміз келмейді. Қазір мына орыс жұрты сол Алтын Ордаға жармасып жатыр. Батыйдың сом ескерткішін тұрғызамыз деп қызылкеңірдек болуда. Олардан қысық көз көршілеріміз де қалысар емес. Олар да өздерін мирасқер санайды. Олар алға Құлағуды салады.

Біз ше? Шыңғысханнан бас тартып отырмыз...

Мұхтар Мағауин — қазақтың мың жылдық қазынасы. Ілияс Есенберлин де. Сол Ілияс мұрасын қалай пайдаланып жатқанымызды көріп, екі қолыңды төбеңе қойып тентіреп кеткендейсің. Ілекеңнің «Алмас қылышын» кино қылып жатырмыз. Сол киноны көре алмайсың. Жігеріңді құм қылады. Қазақтың екі ханының бірі Керей мұрақпен жүр де, Жәнібек бөрікпен жүр. Хан баласы қашан қарашаның киімін төрге оздырып еді? Қыпшақтың Ойбас биі мұрақпен ойқастап жүр. Ұлы көште Керей мен Жәнібекке Жәнібектің шешесі бата береді. Оу, қазақтың қай қары бата берді деп естіп едіңіздер. Қыпшақ Қобыланды Шайбани ханның ордасына ат-матымен кіріп барады. Барып қана қоймай барылдап анау-мынау емес төрткүл төңірегін дірілдеткен Шайбаниды тілдейді. Сонда бұл не? Әрі-беріден кейін Шайбани Қобыландының өзімен сөйлесе қояр ма екен? Ашық-шашық жатқан бұл не қылған хан ордасы? Мұндай сауалдардан аяқ алып жүре алмайсыз.

Осымыздың барлығы жазушылығымыздан. Жүре жазушылығымыздан.

Жоқ нәрсені бар қыламыз.

Осының барлығы наданд ығымыздан. Білгішпіз...

Жазушы жазумен шұғылдану керек.

Ал біздің жазушылар немен шұғылданса да жазумен шұғылдана бермейді-ау осы. Арыз жазатын жазушылар шықты. Бұрындары жекелеп жазушы еді, қазір топтап жазатын болды. Тарихты жазатын жазушылар шықты. Жазған тарихы бес жүз жылдан аспайтын... Оның өзінде бабаларын не батыр, не би қылып шығарады. Кешегі күстаналаған Қазыбек бек Тауасарұлымен жылап көрісер уақыт келген сынды...

Мемуар жазу хат жазғаннан да оңай болып алды...

Мен де елдегі жеті жүз жазушының бірімін. Жазу үшін жағдай жасауым керек. Жазу жағдайын. Ол үшін басқа біреулердің шатпағын іс қылып шығаруын керек. Кемінде үш адамның. Сол үшеудің екеуінен азаттық алған жайым бар. Енді біреуі қалды.

Жағдайым болса оны да еңсерермін.

Сонсоң мен де өз дүниелерімді жазармын.

Абзал.

**Төрехан МАЙБАС**
*Қарағанды*

**Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өзінің Қазақстан халқына арнаған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында: «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды», – деп қоғамдық сананы жаңғыртудың маңыздылығына аса мән береді. Бұл тұрғыда ұлттық спортымызды дамыта отырып, ұлттық рухымызды көтеріп, санамызды одан әрі жаңғырта түскеніміз дұрыс.**



# ҰЛТТЫҚ РУХТЫҢ АЙНАСЫНДАЙ

Қазақ халқы үшін ұлттық ойындардың ұлтымыздың өмірінде алатын орны ерекше. Біздің ұлттық ойындарымыз күштілікті, алғырлықты, мергендікті, төзімділікті, қырағылықты және шабандоздықты талап етеді. Елімізде ат спорт түрлерін дамытуды және жаңғыртуды мақсат тұтқан Ат спортының федерациясы жұмыс істейді. Ұлттық спорт ойынының ел арасында көп тарағаны – аламан бәйге. Бәйге осы күнге дейін өз маңызын жоймаған спорт түрі. Бәйге табандылыққа, батылдыққа, тапқырлыққа үйрететін ұлттық спорттың бағалы түрі болып табылады. Елімізде спорттың осынау түрін кеңінен дамытуға мүмкіншілік мол. Республикамызда мініскер аттарды өсіретін арнаулы жылқы заводтары бар.

Ел бойынша аламан бәйгемен қатар, көкпар ойындарының дамуына да ерекше көңіл бөлінуде. Ұлттық спорт түрлері қауымдастығының президенті Бекболат Тілеухан көкпар ойынының дамуын барынша қолға алуда. Қырғызстан, Өзбекстан және тағы басқа да түркі тілдес мемлекеттер арасында көкпардың алға шығу жолдарын қарастыруда. Күні бүгінге дейін түрлі додалар ұйымдастырылды. Олардың бірі – дүниежүзілік көшпенділер ойыны. Аталмыш ойын барысында Қазақстан құрамасы жалпыкомандалық есепте екінші орынға ие болды.

Ал ақыл-ой ойындарына келсек, бұл тұрғыда тоғызқұмалақ ойынының алар орны ерекше. Тоғызқұмалақ ойынын Рухани жаңғыру аясында тиімді құрал ретінде пайдалануға болады. Себебі, осы ұлттық ойынымызды көбі білсе де, аса көп көңіл бөліне бермейді. Бұл ұлттық ойынымызды басқа ойындарға қарағанда дамытуды қолға алу қолайлырақ. Мәселен, ат ойындарында шабандоз кез-келген адам бола алмайды, ол үшін көп тер төгілу керек, орасан жұмыс атқарылуға тиісті. Ал тоғызқұмалақ ойынын алып кету әлдеқайда жеңіл және көп шығынды қажет етпейді.

Қалай осы ойын түрін жаңғыртуға болады? Ең біріншісі кезекте тәрбие тал бесіктен, отбасыдан басталады дегендей, әр қазақтың төрінде ұлттық аспабымыз домбыра ілініп тұрғандай, тоғызқұмалақ ойынының құралдары әрбір үйден табылса, жаңғырудың алғашқы қадамы да осы болмақ.

Екіншіден, тоғызқұмалақ ойынының мәнін түсіндіру арқылы, кез- келген жанның ақыл-ойының шыңдалуына, ми қызметін дамытуына және қоғам алдындағы жауапкершілігін арттыруға көмектесетін шахмат ойынынан кем түспейтінін айта кету керек. Мектептерде, жоғарғы оқу орындарында, жұмыс орындарында, қарттар үйі және балалар үйінде шеберлік сыныптар мен жарыстар өткізу арқылы оны жандандыруымыз, ел арасында танытуымыз керек. Қазір «DOMBYRA PARTY» сияқты «TOGYZ KUMALAK DAY» деп аталатын іс-шаралар ұйымдастырылса, мектеп, жоғары оқу орын қабырғаларында тоғызқұмалаққа арналған секциялар ашылып, арнайы бөлмеде қоңырау уақыттарында ойнауға мүмкіншілік жасалынса нұр үстіне нұр болатын еді.

Бұл ұлттық ойынымыз ұмытылып бара жатыр. Сондықтан, қанша жерден өзгерістер болсын, әлем дамысын, ұлттық ойындарымызды дамытып әрі оларды жаңғырту біздің болашақ ұрпақ үшін жасалатын міндеттеріміздің бірі.

**Кенесары СЕЙДАЛИЕВ,**
**Аружан ДОҒДЫРБАЙҚЫЗЫ**

# ЖАҢҒЫРУҒА ЖАҢА ҚАДАМ

**Ұлттық ойындар – ата-бабамыздан бізге жеткен, өткен мен бүгінгіні байланыстыратын баға жетпес байлығымыз, асыл қазынамыз. Сондықтан оны үйренудің, күнделікті тұрмысқа пайдаланудың заманымызға сай ұрпақ тәрбиелеуге пайдасы орасан зор. Елбасымыз ерекше назар аударған рухани жаңғырудың мәні де осында жатыр. Осы тұста біз ұлттық ойындарымызды дәріптеп, заманға сай дамытуды қолға алу қажеттігін тілге тиек еткіміз келеді. Бұл тұрғыда жыл сайын дәстүрлі түрде тойланатын ұлттық мейрамымыз Әз-Наурыздың кезінде ұлттық ойындарымызды жаңғыртып ел назарына ұсынсақ құба-құп болары анық. Бүгінде ел арасында ұмытылып бара жатқан ұлттық ойындардың бір парасына тоқталып өткенді жөн санадық.**

Мойын арқан – жекпе-жек күш сынасатын ежелгі халық ойыны. Жігіттер тойда, жазғы сауықта сайысқа түседі. Көгал алаң таңдалады. Ұзын арқанның екі ұшы түйіқталып түйіледі. Алаңның ортасынан белгі үшін белдеу сызық сызылады. Қос қанаттан ұзындығы тепе-тең мөлшерде сайыскерлер тұратын межe белгіленеді. Сайысқа қалаушылардың бәрі түседі. Сарапшылыр олардың шама-шарқын мөлшерлеп, теңдесімен тартысқа түсіреді. Ойынды басқарушы түйіқталған арқанды сайыскерлердің мойнына кигізіп, екі саласын қолтықтың астынан өткізеді де, тартысушыларды жерге тағандатып қояды. Белгі берілгенде екеуі екі жаққа қарай тартуы керек. Дайындық шаралары біткеннен кейін бастаушы тартысқа рұқсат етеді. Сайыскерлер бірін-бірі шегіншектетіп сүйрей жөнеледі. Алаң ортасындағы белдеу сызықтан қарсыласын шегіншектете сүйреп өткізген сайыскер жеңеді

Алтын қабақ (жамбы ату) – шауып келе жатқан атың үстінен нысананы дәл көздеп , атып түсіру. Бұл ойынның нұсқалары басқа халықтарда да кездеседі. Шығу тегі әскери ойынның пайда болуымен байланысты болған, оның қажеттігі XYIII ғасырға дейін сақталған. Мұндай жарыс өткізілетін мерекелерде биік бағана, болмаса ұзын сырық қадалып, оның ұшар басына нысана ретінде жамбы (күміс құймасы) ілінетін болған. Оны қылмен немесе жібек жіппен байлаған. Атпен шауып кележатқан кісі садақпен жамбыны атып түсіріп, жеңіске жетуге тырысқан. Нысананы дәлдеудің басқада түрлері кездескен. Мысалы, жерде тұрып, немесе ат үстінде отырып, мылтықпен атуда қолданылған. Жамбы ату жігіттерді шабандоздыққа, мергендікке үйрету де елеулі роль атқарған.

Сиқырлы таяқ. Ойнаушылар қол ұстасып, дөңгелене шеңбер жасап тұрады. Қолында таяғы бар ойын жүргізуші шеңбердің ортасына келеді де, ойынның тәртібін түсіндіреді. Ойнаушылардың бірден бастап түгел нөмірлеп шығады. Ойынның шарты бойынша ойын жүргізуші қолындағы таяғын шеңбердің ортасында тік ұстап тұрады да, бір нөмірді атап, таяқты қоя береді. Аталған нөмір таяқты жерге құлатпай ұстап қалуы керек, ал таяқты ұстай алмай құлатып алса, онда айып тартады, яғни көптің ұйғаруымен ортаға шығып, өнер көрсетеді. Ойынға қатысушылардың бәрі бір-бір реттен міндетті түрде ойнап шығулары керек, ал одан әрі ойынды жалғастыру-жалғастырмау ойнаушылардың өз еркінде. Ойнаушылардың саны көп болса, ойын қызықты өтеді.

Ине жасырмақ – жастардың бас қосуында, көбіне үйде ойналатын ойын. Қажетті бұйымдар: ине және домбыра. Ойын шарты: ойыншылар ең алдымен, бастаушыны сайлайды. Ол, біріншіден, тәртіпті бақылайды, екінші, домбырада, немесе басқа музыкалық аспапты ойнайтын кісіні табады; үшіншіден, ойын ережесін түсіндіріп, екі ойыншыны таңдайды. Ойыншының біреуі бөлмеден шығып кетеді де, үйде қалған екінші инені өз бойындағы киіміне жасырады, немесе басқа біреуге береді. Бастаушының белгісі бойынша үйге қайта оралған іздеуші инені ойынға қатысушылардың жағасынан, бас киімдерінен іздей бастайды. Іздеуді жеңілдету үшін музыкант домбырада ойнап отырады. Егер іздеуші ойыншы нысанаға жақындай түссе, домбыра күмбірлей жөнеледі. Ал, егер нысана тұсынан іздеуші өтіп кетсе, домбыра үні бәсеңси бастайды. Іздеуші инесі бар кісіге жақындаған не алыстаған сайын домбырашы оны әр қилы сарынмен бағыттап, дәлдеп отырады. Нысанға дөп келген іздеуші ине осында-ау деген кісіні әбден тінте тексеріп, инені табуға тырысады. Ине жасыра алмаған, кәде бойынша ән салып, не әзіл айтып айып төлейді. Ал табылмаса, іздеушінің өзі айып тартады.

**Кенесары НАУРЫЗБАЙҰЛЫ,**
**Руслан СҰЛТАНОВ**

■ BILIM

**2019 жылдың желтоқсан айында Қытай Халық Республикасының Ухань қаласында пайда болған COVID-19 вирусы бүгінгі күнге дейін әлемнің 130-дан астам еліне тарағаны белгілі. Осыған орай Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымы әлемге тарап жатқан бұл «індетті пандемия» деп жариялап, оған қарсы шараларды қолға ала бастады. Әлем елдерін алаңдатқан COVID-19 вирусы, өкінішке орай, біздің елімізді де айналып өтпеді. Осы індеттің алдын алу және еліміздің азаматтарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев наурыз айының 16 мен сәуір айының 15-і аралығын Қазақстанның барлық аумағында коронавирустың салдарынан төтенше жағдай жариялағаны мәлім.**

# САБАҚҚА КЕДЕРГІ КЕЛТІРІЛМЕЙДІ

Президент тапсырмасына байланысты ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов 16 наурыздан сәуірдің 5-не дейін балалар көктемгі демалысқа жіберілгенін атап өтіп, ал колледждер мен барлық жоғары орындары студенттері 16 наурыздан бастап қашықтықтан оқу жүйесіне көшкенін атап өтті. Аталған мәселеге байланысты Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ректоры Такир Балықбаев қоғамның қауіпсіздігі мен азаматтармыздың амандығы үшін биылғы 16.03. – 05.04. аралығында білім алушыларды қашықтықтан оқыту технологиясына көшіру жөніндегі жұмыстарды бастап кетті. Бұл үдеріс біздің университетіміз үшін аса ауыр қиындықтар туындатпады. Өйткені, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті бірнеше жылдан бері қашықтан оқыту технологиясын кеңінен пайдаланып келеді. Осының нәтижесіне университет ректоры бекіткен іс-шаралар жоспарына сәйкес жасалынатын жұмыстарды біздің мамандар жедел қолға алуда. Атап айтар болсақ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті қазіргі таңда «Univer», «Google Classroom», «ZOOM» платформаларымен қашықтан оқыту мақсатында жұмыс жүргізіп жатыр. Аталған платформалар университет мұғалімдері мен білім алушыларына қиындық туындатып жатқан жоқ. Бұлай дейтін себебіміз, 2020 жылдың 8 қаңтарындағы университет ректоры Т.Балықбаевтың бұйрығымен (03-05/12) әлемдік білім беру жүйесіндегі онлайн платформаларды үйретуге бағытталған «Пайдалы платформа» жобасы 13.01.2020- 25.02.2020 жж. аралығында жүзеге асырылды. Курсқа барлық білім алушылар қатынасып, онлайн платформалармен жұмыс істеп, LSM MOODLE жүйесімен қашықтықтан оқыту технологиясы жүріп жатыр. Бұл жүйе қашықтықтан білім беру жүйесі ретінде Еуропа елдеріне кеңінен таралып, танылған. LSM MOODLE тұғырнамасы Open University (UK), Microsoft(UK), Google(UK), және Istiuto Superiore di Sanita ISS (Италия) ұйымдарда белсенді қолданыста. Сондықтан біз университеттегі білім алушылардың білім үдерісіне сай қажетті біліммен қамтамасыз ету үшін осы бағдарламаны кеңінен қолданудамыз. Оқу орнымызда асқалып жатқан игі бастамалардың арқасында кез-келген жағдайда, кез-келген уақытта студенттеріміз білім алуға дайын екенін жеткізгім келеді.

Қазіргі таңда болып жатқан ахуал қоғам үшін аса қауіпті әрі жауапты екенін бәріміз білеміз. Бұл жайында да университет әкімшілігі білім алушыларға кеңінен түсінік жұмыстарын жүргізді. Студенттер мен оқытушылар ортақ мәмлеге келіп әр топ өздері таңдаған платформа бойынша қашықтықтан оқыту жұмыстарын бастап кетті. Қашықтықтан оқыту технологиясы бойынша 9000-ға жуық білім алушы оқуын кедергісіз жалғастыруда. Университет тарапынан оқытушыларға да, білім алушыларға да тиісті жағдай жасалған. Осы ретте білімнің қара шаңырағы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті кедергісіз біліммен – кемел келешекке ұмтылыс жасауда.

**Х.ЖАНБЕКОВ,**
**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры, жер ғылымдарының докторы, профессор**

# «АҚ ЖОЛДЫҚ» ЖАСТАР БЕС ЖЫЛДЫҚ БЕЛЕСТІ БАҒЫНДЫРДЫ

**«Ақ жол» ҚДП, Маңғыстау облыстық әкімдігі мен Облыстық жастар ресурстық орталығының қолдауымен, Ақтау қаласындағы «Ханшаһар» салтанат сарайында, Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық Партиясы Маңғыстау облыстық филиалы жанындағы «Ақ жол-жастар» жастар қанаты 5 жылдық белесіне орай мерекелік шарасы өтті.**




Шараға, Партияның Нұр-Сұлтан қаласы мен Ақтөбе, Қарағанды, Қызылорда, Жамбыл, Павлодар облыстық филиалдарының төрағалары мен белсенді жастары, өңірдің зиялы-қауым өкілдері, жастар ұйымдары мен оқу орындарының ұстаздары мен ата-аналар және «Ақ жол-жастар» жастар қанатының мүшелері қатысты.

Шара алдымен «Ақ жол» жастар театры қоржынындағы «Қыршын», «Елім деп өткен – Ер Жалау», «Махаббат мұңы», «Жұлынқұрт», «Ананың ақ сүті» атты спектаклдердің сүбелі сахналарынан үзінділер сахналанып, Партия төрағасы Азат Тұрлыбекұлының бейнеқұттықтауымен басталды.

Сондай-ақ, «Ақ жол-жастар» жастар қанатының 5 жыл ішінде атқарған жұмыстары туралы арнайы репортаж көрсетіліп, «Мен қазақпын» мега жобасының жеңімпазы, әнші-термеші Оспан Құлсымақ кешті Сәттіғұлдың термесімен тербеді.

Кеш барысында, Партия тұғырнамасында көрсетілген мақсат-міндеттерді орындауда салмақты үлес қосып, Алаш арыстарын ардақтау жолындағы жұмыстарды жүйелі жүргізіп, Еліміздің қоғамдық-саяси іс-шаралары мен жастар саясатын дамытуға үлес қосқан жігерлі жастарды және жастар қанатының атқарған жұмыстарына әрдайым тілеулес болған ата-аналар мен қолдау танытқан мекемелерге Партия төрағасы Азат Тұрлыбекұлының алғыс хатын «Ақ жол» ҚДП Орталық Кеңесінің хатшысы Асылхан Төлеббергенұлы табыстады.

Сонымен қатар, Өңірде мемлекеттік жастар саясатының дамуына қосқан «Ақ жол-жастар» жастар қанатының мүшелері, Маңғыстау облысының әкімі С.Тұрымовтың, Ішкі саясат басқарма басшысы Е.Күмісқалиевтың және Облыстық жастар ресурстық орталығы директоры А.Фазылбекұлының алғыс хатымен марапатталды.

*«Ақ жол-жастар» қанатының баспасөз қызметі*

■ VOLONTER JYLY» – 2020

# ЕРІКТІЛЕР ҚАРҚЫНДЫ ЖҰМЫС ІСТЕУДЕ

birgemiz

**Ел Президентінің биылғы 2020 жылды Еріктілер жылы деп белгілеуі жастардың осы бағытта жұмыла жұмыс істеуіне мұрындық болды. Әлемді дүрліктірген аты жаман індетке байланысты Мемлекет басшысы елімізде төтенше жағдай жарияланған соң қоғамның көмекті қажет ететін тобына жастар жағы ерекше назар аударды. Мәселен, Батыс Қазақстан облысы, Жастар саясаты жөніндегі басқарма жанынан құрылған «Ақ жайық жастары» волонтерлік қозғалысы бүгінде осы бағытта белсене жұмыс жүргізуде.**

«Біз соғыс ардагерлері, көпбалалы аналар және жалғызбасты адамдарға көмек көрсетеміз. Көмекті қажет ететін отбасыларға азық-түлік жеткізіп беру және азық-түлік бағаларына мониторинг жасау сияқты екі бағытта жұмыс істейміз», – дейді Батыс Қазақстан облысы, Жастар саясаты жөніндегі басқарма басшысы Нұрхат Ораш.

«Ақ жайық жастары» волонтерлік қозғалысы жұмыстың атқару барысын жүйелі түрде жолға қойған. Әр волонтер мониторинг жасау бойынша белгіленген өз учаскесімен жұмыс жүргізеді. Сонымен қатар, күні бүгінге дейін 70-тен астам мекенжайға азық-түлік жеткізілген.

Осы бағыт аясында жастар екі түрлі әдіс арқылы жұмыс істейді.

Бірінші, қайырымды жандар әперген азық-түлікті жеткізіп берсе, енді бір тобы үйден шығуға мүмкіндігі жоқ адамдарға азық-түлік сатып алып, жеткізіп беріп отырады. Ал олар тек чекте көрсетілген қаржыны төлейді.

Қазіргідей Төтенше жағдай кезінде Орал қаласында 300-ден астам волонтер көмекке мұқтаж жандарға қол ұшын созып жүр.

Атаулы жылдың аясында «Ақ жайық жастары» волонтерлік қозғалысының құрамында жұмыс істеуге ниет білдіргендер қарасы қалың. Аталмыш, қозғалыстың сайтына 7 мыңнан астам волонтер тіркеліпті. Көмекке мұқтаж адамдар көбінесе сайт және WhatsApp арқылы байланысқа шығып отырады. «Мейірім – әлемді құтқарады» десек, өзгеге көмек көрсетуге даяр мейірімді жастарымыздың қатары көп болса екен дейміз. Сонда әлем де нұрлана түспек.

■ QAIYRYMDYLYQ

# ШЫМКЕНТТІК МЕЦЕНАТ КӨМЕК ҚОЛЫН СОЗДЫ



Мемлекет басшысы елімізде төтенше жағдай жарияланғаннан кейін әлемді жайлаған індетті еңсеруге әркім өз мүмкіндігіне қарай атсалысып жатқаны аян. Осы тұста «Otau Group» холдингінің президенті әрі «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы Шымкент қалалық кеңесінің төрағасы Қайрат Молдасейітов коронавирус індетіне қарсы күреске 20 миллион теңге аударды. Жиналған қаржы Шымкент қаласының әлеуметтік салаға жауапты мамандарымен ақылдаса отырып, көмекке мұқтаж азаматтарға тапсырылмақ.

Бұған дейін Қайрат Құсейінұлы Арыстағы жарылыстан зардап шеккен тұрғындарға 10 миллион теңге көлемінде қаржылай қолдау көрсетіп, халықтың алғысына бөленген-ді.

Бүгінгідей сын сағатта да елдегі бизнесмендерге үлгі көрсете білуі үлкен азаматтық екені сөзсіз.

«Коронавирусқа байланысты елімізде көптеген саланың жұмысы баяулағаны белгілі. Бұл тұрғыда кәсіпкерлердің де зардап шегіп отырғаны жасырын емес. Бірақ, бұл мүмкіндігі шектеулі, әлеуметтік жағдайы аз қамтылған, толық емес отбасылар көріп жатқан қиындықтармен салыстыруға келмейді. Сондықтан да, біз осындай қысылтаяң шақта қолдан келген көмекті аямауымыз керек», –дейді шымкенттік меценат Қайрат Молдасейітов.

Елдегі орын алған жағдайға байланысты «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы жанынан қор ашылды. Аталған қорға Қ.Молдасейітовтің қолдауымен 20 миллион теңге аударылды.

Сондай-ақ, меценат басқа кәсіпкерлерді де тұрмысы төмен отбасыларға жұмыла көмектесуге шақырды. Ел жайына бей-жай қарамайтын осындай атпал азаматтардың арқасында бұл қиындықты да еліміз аман-есен еңсеретініне сенім мол.

**ҚАЗАҚТЫҢ МҰҢЫ МЕН ШЫНДЫҚТЫҢ ЖЫРЫ – «ҚАЗАҚ ҮНІ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!**

**ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380**

***«Қазпошта» арқылы жазылу бағасы:***

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 ай | қала | 379,24 | 3 ай | қала | 1137,72 |
| 1 ай | ауыл/аудан | 397,86 | 3 ай | ауыл/аудан | 1193,58 |
| 6 ай | қала | 2275,44 | 12 ай | қала | 4550,88 |
| 6 ай | ауыл/аудан | 2387,16 | 12 ай | ауыл/аудан | 4774,32 |

«Ақ жол» Демократиялық партиясы партияның Орталық Кеңесінің хатшысы Момышев Болат Амангелдіұлына анасы
**Оңалсын СЫЗДЫҚҚЫЗЫНЫҢ**
қайтыс болуына орай қайғырып, көңіл айтады.

Республикалық «Қазақ үні» газетінің ұжымы «Ақ жол» Демократиялық партиясының Орталық Кеңесінің хатшысы Момышев Болат Амангелдіұлына анасы
**Оңалсын СЫЗДЫҚҚЫЗЫНЫҢ**
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл білдіреді.

**Меншік иесі: «Қазақ үні» ЖШС**
**ҚАЗАҚ ҮНІ**
**Президент – Редакторлар кеңесінің төрағасы – Қазыбек ИСА**

**Бас редактор – Құлтөлеу МҰҚАШ**
**Бас редактордың бірінші орынбасары – Зейнолла АБАЖАН**
**Бас редактордың орынбасары – Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ**
**Жауапты хатшы – Гүлмира САДЫҚ**
**Бөлім редакторлары:**
Дастан ЕЛДЕС (орыс редакциясы)
Айнұр АХМЕТ (мәдениет)
Нұржан АСАН (көркемдеуші)
**АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:**
**Астана тілшілер қосыны:**
Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ (8-702-931-89-86)
Жасұлан ИСА (8-776-120-19-72)
**Ақмола облысы:**
Бақыт СМАҒҰЛ (8-701-626-77-66)
**Арқалық қаласы:**
Нұрсұлтан НҰРМАН (8-702-688-84-87)
**Алматы облысы:**
Айтақын БҰЛҒАҚ (8-702-239-62-99)
Мәди ИСЛАМ (8-775-119-12-13)
Мырзағали НҰРСЕЙІТ (8-701-771-6496)
Қанат БІРЖАНСАЛ (8-775-323-0850)
**Батыс Қазақстан облысы:**
Қажымұқан ҒАБДОЛЛА (8-701-111-61-05)
**Жезқазған қаласы:**
Жанат АСАНҚАЛИ (8-702-384-12-00, 8-707-261-20-98)
**Сәтбаев қаласы:**
Абдолла ДАСТАН (8-(71063) 7-20-97, 8-777-302-46-79)
**Қарағанды облысы:**
Ахметқали ХАЛЕНОВ (8-701-450-30-18)
**Қостанай облысы:**
Төлен РАМАЗАНҰЛЫ (8-701-174-06-70)
**Семей қаласы:**
Рахат АЛТАЙ (8-775-998-15-39)
**Маңғыстау облысы:**
Сағындық РЗАХМЕТ (8-775-379-84-88)
**Түркістан облысы:**
Әбдіғаппар АЙДАР (8-702-475-75-66, 8-771-390-73-75)
Асылхан ӘЛІ (8-701-626-88-32)
**Түркістан қаласы:**
Әтіргүл ТӘШІМ (8-702-489-47-23)

**Атқарушы директор – Қаныш ЖАРЫЛҚАСЫН**

**Тарату бөлімі:**

**Астанада:**
Жасұлан ИСА (8-776-120-19-72)
**Шымкентте:**
Мүтән ИСМАЙЫЛ (8-701-692-1340),

**Астанада «Алты Алаш»** (87015728847) дүңгіршіктерінде сатылады

**Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде 19. 12. 2012 жылы тіркелген. Куәлік №13976–Г (Алғашқы куәлік №1270–Г, 01. 08. 2000 жыл).**

Автордың пікірі мен редакция көзқарасы сәйкес келе бермейтінін ескертеміз.
Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Газеттен көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы шарт.
Газетте «Қазақпараттың» материалдары пайдаланылды.

Газет «Қазақ үні» компьютер орталығында беттелді

**АЙЛЫҚ ТАРАЛЫМЫ – 60 400**

**ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380**

**Редакцияның мекен–жайы:**
050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, С. Сейітов көшесі, 11 үй

**Байланыс телефоны:**
8 (727) 398-57-31

**E–mail: qazaquni2000@gmail. com**
**www. qazaquni. kz**

**Кезекші редактор – Гүлмира САДЫҚ**

ТОО «Қазақ үні»
БИН 000540006784
ИИК KZ508560000000385541
АГФ АО «БанкЦентрКредит»
г. Алматы, БИК KCJBKZKX, Кбе 17
Газет «Алматы-Болашақ» баспаханасында басылды. Алматы қ. , С. Мұқанов к. , 223 б.
Көлемі: 6 баспа табақ

(А) – материалдың жариялану ақысы төленген